JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

№37 (713) 28 қыркүйек 2018 жыл

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

БӘРЕКЕЛДІ!



АЛТАЙ

«Аппақ шыңы ай сүйген асқар Алтай,
Арайлы күн алтын нұр шашқан, Алтай!».

Алтай туралы өлеңжыр шумақтарының бәрі осылай басталады. Қай суреттеуді алсаңыз да, Алтай – асқақ, Алтай – көркем.

Алтай ежелден адамзаттың алтын бесігі болған құтты қоныс. Алтай асқақ тауларды тұрақ қылған бірқатар ұлт пен ұлыстың атажұрты. Алтай түбі бір түркі баласының киелі мекені, алтын аймағы.

Осы аптада Шығыс Қазақстан облысының әкімі осы өңірдегі Зырян қаласын «Алтай» деп атауды ұсынды. Д.Ахметов «Біз қандай киелі жерде тұрып жатқанымызды ешқашан ұмытпауымыз керек. Сондықтан, Зырян ауданының атын Алтай деп өзгертсек, дұрыс болады деп есептеймін. Өйткені бұл ең алдымен тарихымызға тағзым. Аудан атын өзгерту экономикалық тұрғыдан да тиімді болар еді. Неге десеңіз, Алтай – бренд атау. Ертең бұл жерге туристер легі ағылады. Ал біз оларға тиісті жағдай жасауымыз керек», – деді.

Аймақ басшысының бұл ұсынысын жиынға қатысушылар біраауыздан мақұлдады.



4 «ҚАРА АЛТЫННЫҢ» ҚАДІРІ

6 ДОНОР СЫЙЛАҒАН ӨМІР

8 ШАРДАРАНЫҢ ШОРТАНЫ-АЙ!

10 ТАҢДАУЛЫСЫ ҒАНА АУДАРЫЛАДЫ

onthewebJASQAZAQ.KZ

ТҮЙТКІЛ

ОҚУЛЫҒЫ САЙ ЕМЕС

Қыркүйектің соңғы аптасы. Сабақ басталғалы 1 айға жуықтады. Ал кейбір мектептерде оқушылар әлі оқулықсыз оқып жатыр. Ақтөбедегі №70 мектептің тәлімгерлері сабақ кезінде дәптер-қарындашпен ғана отыруға мәжбүр. Олар күнделікті үй тапсырмасын көшіріп алады немесе ұялы телефондарына түсіріп, соны пайдаланады. Ал ата-аналар балаларының оқулықсыз жүргеніне алаңдаулы. Олар құзырлы мекемелерден бұл мәселені шешіп беруін, оқулық тапшылығын түсіндіруді талап етуде.

(Жалғасы 3-бетте)

БОРЫШ

САЛЫҚ ТӨЛЕП ҮЛГЕРІҢІЗ!

1 қазанда жеке тұлғалардың мүлік және жер салығын төлеу мерзімі аяқталады. Осы күннен бастап салық төлемегендер банк қызметінен қағылады. Таратып айтсақ, банкте есепшот ашу, ақша аударымын жасау, сауда үйлерінде тұрмыс техникасын бөліп төлеу арқылы сатып алу, несие рәсімдеу сияқты қызмет түрлері көрсетілмейді.

Биылғы жылдың 1 шілдесінде Салық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілгені мәлім. Соған сәйкес, екінші деңгейлі банктер салық төлемеген азаматтарға банк қызметінің кей түрін көрсете алмайды. Бұл әлеуметтік төлемдерге де қатысты.

Сонымен бірге, салық төлеу мерзімі аяқталған соң, төлемді кешіктірген әр күнге Ұлттық банк белгілеген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,25 есе көлемінде қосалқы төлем (пеня) алынады.

Еске түсірсек, өткен тамыз айында еліміздегі жеке тұлғалардың 19,4 млрд теңге салық қарызы бар екені жария етілді.

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	81,31
DOLLAR	361,82
EURO	423,26
РУБЛЬ	5,50

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

(Жалғасы 2-бетте)

PARLAMENT

Туризм – экономиканы өркендетуде, әсіресе, оны әртараптандыруда (диверсификация) жасауда маңызды тетік болып табылады. Біздің елімізде осы саланы дамытуға мықтап көңіл бөліне бастады. Осы аптада Парламет Мәжілісінде өткен Үкімет сағаты отандық туризмнің өрісін кеңейту мәселесіне арналды.

ТУРИЗМ –ӨРКЕНДЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

Жиынды жүргізген төменгі палатаның вице-спикері Гүлмира Исімбаева Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа арнаған Жолдауында, сондай-ақ биылғы сессияны ашу кезінде туризмнің рөлін ерекше атап өткенін айта келе үкіметке елімізде сырттан келетіндердің саяхатын ұйымдастыру мен ішкі туризмін дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны дайындауды тапсырғандығына тоқталды. Мәжіліс төрағасының орынбасары «Қазіргі таңда экономиканың басқа да көпшілік секторларымен салыстырғанда туризм индустриясының мультипликативтік әсері барынша күшті. Сондықтан да алыс-жақын шетелдердің көпшілігі экономикалық дамуды жеделдету құралы ретінде дәл осы туризмді таңдап отыр, – деді.

Үкімет сағатында мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы туризмнің жай-күйі туралы және оны Қазақстанда дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Гүлнар Иқсанова еліміздегі туризм саласына жан-жақты тоқталып, атқарылуы тиіс міндеттер жайында баяндады. Депутат, атап айтқанда, отандық туризмнің әлемдік рейтингтегі көрсеткіші, ұсынылатын өнімдер мен қызметтің әлемдік стандарттар жүйесіне сәйкес келуіне қатысты пікір білдірді. Туризм туралы сөз қозғалғанда алдымен инфрақұрылым нысандарының бәсекеге қабілеттілігі ескерілуі тиіс. Г.Иқсанова осы саланың көсегесін көгертетін маңызды міндеттердің орындалу барысын баяндап, Әзірбайжан мен Грузияның тәжірибесіне тоқталды.

Мәжіліс депутаттары баяндамашы мен отырысқа шақырылған мемлекеттік мекемелердің басшылары алдына бірқатар өзекті мәселелер қойды. Айталық, жарыссөзде сөз сөйлеген депутат Нұртай Сәбилиянов еліміздің туризм секілді өзекті саланы өркендету барысында жергілікті тұрғындарға жағдай жасау қажеттігін айтты. Атап айтқанда, елімізде халықтың жақсы да жайлы демалуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға тастады. Ал халық қалаулысы Омархан Өксікбаев ұлттық өнімдерді брендке айналдыру мәселесі бойынша өз ойын ортаға салды.

Үкімет сағатына арналған отырысты қорытындылаған вице-спикер Г. Исімбаева бірінші кезекте бәсекеге қабілетті туристік саланы қалыптастыру мен дамыту – бұл мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға септігін тигізетінін атап өтті. Бұл сала, сонымен қатар, инвестицияның көптеп келуі, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді. Мәжіліс төрағасы орынбасарының пікірінше, туризм халықтың денсаулығын жақсарту, тарихи-мәдени және табиғи мұраны сақтау және ұтымды пайдалану арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ете алатын нақты құрал болып табылатынын негізге алуға тиіспіз. Г.Исимбаева, сондай-ақ талқылау барысында айтылған пікірлер мен ұсыныстар үкімет тарапынан дайындалып жатқан 2019-2023 жылдарға арналған туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ескерілуі тиіс екендігін атап өтті. Сонымен қатар, жақында Парламентке келіп түсетін туризм туралы заң жобасының қабылдануы аталған салаға серпін береді. Ең бастысы, Елбасының осы маңызды салаға ұдайы қамқорлығы, проблемаларды шешу жолдарын көрсетіп беруі туризм саласын экономиканы дамытудың тағы бір сенімді тетігіне айналатынына нақты сенім бар.

Мәжілісте өткен жиында мемлекеттік органдарға туризм саласын дамыту жөнінде нақты ұсыныстар әзірленді.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Әлеумет.t⁰

Бірде бірге оқыған журналист досым есірткі туралы жазбақшы болды. Алматының қай жерінде сатылады, қалай сатылады? «Қара базарды» араладық. Таппадық. «Барахолкаға» да бардық. Бір арбакеш жігіт бізге жол нұсқады. Сейфуллин көшесінің «Алматы-1» теміржол вокзалына жақын маңындағы көпқабатты үйлердің бірін айтты. Тізгін ұшымен жеттік. Қызыл кірпіш үйдің бұрышындағы қоңыр сырмен сызылған бағыт-«жебені» тауып алдық. Сол маңдағы бірнеше үйдің қабырғасында да әлгі белгі. Бірін қусаң, екіншісі, одан үшіншісі жалғаса береді. Қуа берсең, қайтып айналып орнына келесің. Қысқасы, түсініксіз сызба. Ары жүріп-бері жүріп, әбден титықтадық.

ҚҰЛЫҒЫНА ҚҰРЫҚ БОЙЛАМАЙДЫ

Бір кезде үйлердің ортасындағы балаларға арналған ойын алаңында дем алып отырғанбыз. Қарсы алдымызда үйдің қабырғасындағы бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі «жебені» көзіміз шалып қалды. Қарасақ, белгінің астында шағын жертөле бар екен. Біздің күні бойы іздеген жеріміз осы. Кірдік. Бізден күдіктенді ме, әлде бейтаныс адам болған соң ба, отырғандар сыр ашқысы келмеді. Жертөледегі жеткіншектер басымыздан аяғымызға дейін шолып шықты. Содан кейін екеуі де иықтарын қиқаң-қиқаң еткізіп, тіс жармай көгеріп-сазарып отырып алды.

Адамнан айла артылмайды ғой. Жастарды улап жүргендер бұрын жертөлені паналаса, енді әлеуметтік желіні айналдырып алыпты. Бірнеше жыл бұрынғы бұл оқиғаны еске алуымызда Алматыдағы студенттің өлімі түрткі болды.

Қолда бар ақпараттарға сүйенсек, әлгі студент есірткі затын қаланың қақ ортасындағы базардың бірінен сатып алған көрінеді. Қазір есірткіге еліккен тәуелді жастар есірткі ұнтағын немесе оның таблеткасын базардан табады. Болмаса ғаламтор арқылы тапсырыс беріп, белгіленген жерден алып отыратын көрінеді. Олардың қабылдап жүргені кәдімгі героин емес, көрші Қытайда шығарылған өнім дейді. Иіссіз таблетка.

Тергеу амалдарынан анықталғандай, жастар әлгі таблеткаға ғаламтор арқылы тапсырыс беріп, ақшасын QIWI-әмиянға салады екен. Ал тапсырыс алушылар «дәріні» қашан, қай жерден алып кетуге болатынын телефон арқылы хабарлайтын көрінеді. Із-түсі белгісіз әлгі сауысқаннан сақ сатушыларды құрыққа түсіру сондықтан да қиын. Тәртіп сақшыларының оларды қақпанға түсіре алмауларының сыры сонда сияқты...

Алматы қалалық ішкі істер департаменті осы іске байланысты жыл басынан бері 86 сайт, Telegram мессенджері сияқты бірнеше әлеуметтік желіні жапқан. Өйткені, әлеуметтік желідегі сондай топтарда тапсырыс берушілер ашықтан-ашық жұмыс істеген. Есірткі саудасымен күрес басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Мошқалов «Мониторинг нәтижесі бойынша жыл басынан бері 81 сайт анықталған. Оның ішінде Telegram мессенджері де бар. Бұл ғаламтор ресурстарының мекенжайы уәкілетті органдарға тапсырылды. Бүгінге дейін олардың құзыретімен есірткі мен психотроптық заттардың таралуына себепші болған 69 сайт, ел аумағы бойынша 1113 ғаламтор ресурсы бұғатталған», – деді.

Сондай-ақ, Алматы қалалық іскі істер департаментінің есірткімен күрес басқармасы жүргізген рейд кезінде есірткі сатушылардың алуан түрлі «картасы» анықталған. Ол қандай «карта»? Көпқабатты үйлердің кіреберісіне немесе тұрғын үйлердің алдына препаратты жерге тамызып, иіс қалдыру арқылы белгі беріп отырады. Тіпті үйлердің бұрыш-бұрышына кәдімгі жарнама қағазы сияқты нұсқаулық іліп, онда есірткіге тәуелділер ғана түсінетін тілде жазылған «карта» беріледі. Құмартқандар әлгі сызба арқылы қалаған затына қол жеткізеді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

6

еліміздің Жоғарғы Соты азаматтарды ақтады

1500

«Арселор Миттал» шахталарында осынша бұзушылық анықталды

175

келі. Тұрғындар отандық банктерден былтырдан бері алтын сатып алған

30

млн теңге. Астаналықтар ақылы тұрақ қызметіне ақша төлемегені үшін айыппұл төледі

Аптаның ескертуі

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан Премьер-Министрі:

Ақтөбе облысы бойынша 2018 жылдың 8 айында аса ауыр қылмыстар 48,8%, адам өлтіру 91%, тонау 25%, ұрлық жасау 20% өскен. Қандай әрекеттер жасап жатырсыздар?

Махамбет ӘБИСАТОВ,
Ақтөбе облыстық ішкі істер департаментінің басшысы:

«Патруль қызметінің қылмыстарды ашуы 11 пайызға көбейді. Жергілікті полиция қызметі 120 мыңнан астам қылмыстың жолын кесті. Оның 45 мыңы қаладағы криминогендік жағдайға тікелей әсер ететін. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан полиция қызметі үшін барлық жағдай жасалған. Материалдық-техникалық жарақтандыру жағынан бәрі жақсы»

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан Премьер-Министрі:

«Махамбет Қайдарұлы, мен сізге нақты сауал қойдым. Ал сіз есеп беруді жалғастырып жатырсыз. Бәрі керемет, әкімдік көмектеседі екен. Онда неге ауыр қылмыс жасау көбейіп, 48 пайызға артып отыр? Егер әкімдік сіздерге барлық жағдайды жасаса, онда неге қылмыскерлерді құрықтамайсыздар?»

Сөз-Жебе

Алмасбек САДЫРБАЕВ,
шаруа:

«Біздің шаруа қожалықтарына ғылыми көзқарас керек. Фермер шығыны мен пайдасын есептеуі тиіс. Мәселен, қанша жем-шөп жұмсағанын, қанша ет алатынын нақты білгені дұрыс. Ғылыми жетістік пен экономикалық есепсіз мал шаруашылығы ешқандай пайда әкелмейді. Ал пайда болмаса, онымен айналысуға адамның құлқы да болмайды».

Қызықстан қызықтары

ДАЛАДАҒЫ ҚУҒЫН

Құдды бір кинодан ғана көретін көрініске таңқалмаңыз. Жуырда ғана Астана – Қарағанды тас жолында орын алған оқиғаны «Даладағы қуғын» деген атаумен фильмге пайдалануға болады. Өйткені Қарағанды жол көлік полицейлері анау-мынау емес, 28 жүк көлігін қуып жүр.

Тәртіп сақшыларынан құтылмасын сезген сабаздар темір тұлпарын тастай жан-жаққа қашады. Бірақ көп ұзамай бәрі құрықталды. Сөйтсек, бұл кино емес, заңсыз жүк таситын жүргізушілердің жолын кескен әрекет екен. Астана қалалық жол-көлік қызметінің басшысы Нұрлан Қалиев осы оқиғаға орай «Рейд барысында жол-көлік инспекторларына бағынбай, тауарды тасуға рұқсат құжаты болмаған жүргізушілер ұсталды. Биылғы 8 айда көліктегі бақылау мекемелері жүк көлігі жүргізушілері тарапынан жіберілген 2,5 мыңнан астам құқық бұзу дерегін анықтады» – деп атап өтті.

Жол-көлік инспекторларының айтуынша, алдағы уақытта заңсыз тауар тасушыларды тәртіпке салатын мұндай тексеру жиі өткізіледі.

7 сөз

2021 жылдан жер телімдері электронды түрде сатылады

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
3

ОҚУЛЫҒЫ САЙ ЕМЕС

(Басы 1-бетте)

Мектеп оқулығына жауапты мекемелер математиканың қарапайым қосып-алу амалынан қателескен көрінеді. Оқушылар санын есептеуден жаңылғандарын айтып ақталыпты. Бұл білім ордасы биыл күзде ғана ашылған. Ата-аналар балаларының жаңа мектепке баратынына қатты қуанып еді. Алайда 1 айдан бері ұл-қыздарының сөмкесі бос.

Жаңа мектепке баласын берген Гүлбаһрам Мәлікова ұлының оқулықсыз оқып жатқанына ашынады. КТК телеарнасына берген сұхбатында ол «Егер бірде-бір оқулығы болмаса, оқушы қалай білім алады? Мектепті ашудан бұрын кітапханасын оқулықпен толтыру керек емес пе? Оқулықсыз оқу деген не сұмдық?! 5-сыныпта білім алатын баламның да оқулығы түгел емес», – дейді.

Ата-аналардың айғайынан кейін ғана қозғалған мектеп әкімшілігі тығырықтан шығудың түрлі жолын қарастыруда. Басқа білім ордаларымен келісіп, өздеріне жетпей жатқан қажетті оқулықты алдырып жатыр. Бірақ мәселе мұнымен шешімін таппайтыны анық. Сол үшін мұғалімдер ата-аналардан кешірім сұрауға мәжбүр. Ақтөбе қалалық №70 орта мектеп директорының орынбасары Гүлзипа Байжанова «Біз жергілікті білім басқармасына тапсырыс бердік. Жақын күндері оқулық толық жеткізіледі», – деп сендірді.

Оқулыққа қатысты мұндай олқылықты жергілікті шенеуніктер білім және ғылым министрлігінің жыл сайынғы реформасынан көріп отыр. Биылдан бастап 1-сыныпқа 6 жасқа толған балалар да қабылданған. Осының салдарынан оқушы саны артып, оларға берілетін оқулық жетпей қалған көрінеді. Сөйтіп Ақтөбе қаласы бойынша 9 мектепте оқулық тапшылығы орын алған.

Гүлбаһрам Мәлікова

Дина Халетова

Ақтөбе қалалық білім басқармасы басшысының орынбасары Дина Халетова «Өлкетану» деген жаңа пән бар. Одан да жаңа оқулық келеді. Жаңартылған атаумен тағы да бірнеше оқулық қазан айының ортасына дейін келуі керек. Жетіспеген оқулықтарға жедел түрде бюджеттен 100 миллион теңге бөлініп отыр. Біз ата-аналардың төзімділік танытуын өтінеміз. Оқулық тапшылығы жыл сайын қайталанатын жағдай. Тамыз кеңесінде жауапты мекемелер оқулық тапшылығы болмайды деп сендіргенімен, жағдай қайталанып жатады, – дейді.

Тамыз кеңесі демекші, биыл да білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев оқулық тапшылығының болмайтынын, оқу-құралдарының дайын екенін айтқан болатын.

Жарас ШӨКЕ

Үкімет

МӘСЕЛЕ мен МІНДЕТ

Әкімдер қоғамдық қауіпсіздік деңгейін нығайту шараларына көңіл бөлу керек. Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен үкімет отырысында Премьер-Министр өңір басшыларына осындай тапсырма берді.

Қалмұханбет Қасымовтың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жергілікті полиция қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі баяндамасынан соң, үкімет басшысы осы салада жүргізілген заңнамалық өзгерістерге тоқталды. Себебі, жуырда ішкі істер департаменттері полиция департаменттері болып өзгертілді, ал жергілікті полиция қызметі олардың құрамына енді.

Премьер-Министр, сонымен қатар кадрлық мәселелерді шешуге көңіл бөлді. Бұл ретте ішкі істер министрі полиция сержанттарын офицерлік лауазымға ауыстыру жұмыстары бірқатар өңірде жүргізілмей жатқанын алға тартты. «Жергілікті әкімдердің қолдауымен сержант лауазымын офицерлік лауазымға ауыстыру жүргізілуде. Қазір үш мыңнан астам сержант офицер атанды. Бұл жұмыс тек үш өңірде – Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында толық аяқталды. Министр сонымен қатар әрбір облыс орталығында полиция қызметкерлері үшін отбасылық жатақхана салу қажеттігін еске салды. Бұл ретте, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің тәжірибесін үлгі етті. Екі жылдың ішінде бір жатақхана салынып, пайдалануға берілген. Екінші жатақхананың құрылысы басталыпты.

Осы аптада үкімет тағы бір маңызды құжатты қарады. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы мақұлданды. Онда қолданыстағы үкіметтік бағдарламаны мақсатты көрсеткіштері мен міндеттерін өзектендіру арқылы мемлекеттік бағдарлама етіп қайта құру жолдары талқыланды. 2014 жылы қолданыстағы салалық бағдарламаларды оңтайландыру мақсатында Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бірыңғай бағдарламасы қабылданған болатын. Бірыңғай бағдарламаға «Аймақтарды дамыту», «Моноқалаларды дамыту», «Ақбұлақ», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту», «Қолжетімді баспана–2020», сондай-ақ шағын қалаларды дамыту бағдарламасының жобасы енгізілген еді.

Бағдарлама еліміздің ұтымды аумақтық ұйымын қалыптастыру жолымен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау, халық капиталын экономикалық өсімі жоғары орталықтарға шоғырландыруды көздейді. Бағдарлама аясында халықтың қай аймақта тұратынына қарамастан, инфрақұрылымды дамыту арқылы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға баса мән берілді.

Өңірлерді дамыту бағдарламасы төрт міндетті шешуді көздейді:

• әр макроөңірге арналған инвестициялық басымдықтар,

• еліміздің аумақтық дамуын жетілдіру,

• инженерлік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту,

• халықты ауыз сумен және су бұру қызметтерімен тиімді және ұтымды қамтамасыз ету.

Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов қолданыстағы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі үкіметтік бағдарламасының міндеттерін, нысаналы индикаторларын, нәтижелер көрсеткіштерін және іс-шараларын өзектілендірумен мемлекеттік бағдарлама мәртебесінде бекіту бойынша жұмыстар жүргізілгенін айтты. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында мемлекет басшысы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына ауылдық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін барлық қаражат көздерінен жыл сайын кемінде 100 млрд теңге бөлуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша тапсырма берді. ҚР 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының ережелерінен шыға отырып, мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – басқарылатын кенттену және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп анықталған», — деді ұлттық экономика министрі.

Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев еліміздің барлық облыстарының 10 мың тонна астам қант сатып алуға мүмкіндіктері бар екенін мәлімдеді. Ол алдағы уақытта қант тапшылығын болдырмау үшін қазірден бастап әкімдіктердің жанындағы тұрақтандыру қорларына аталған өнімді сатып алу қажеттігін баса айтты. «Егер келешекте қанттың бағасы тұрақсызданатын болса, оған әкімдіктер төтеп беруге тұрақтандыру қорлары арқылы ықпал жасауға мүмкіндіктері болуы тиіс. Жалпы келісім бойынша облыстар 10878 тонна қант алуға мүмкіндіктері бар. Оның ішінде Ақмола облысы – 443, Ақтөбе облысы – 1500, Алматы облысы – 1200, Атырау облысы – 250, Батыс Қазақстан облысы – 283, Жамбыл облысы – 920, Қарағанды облысы – 407, Қостанай облысы – 519, Қызылорда облысы – 430, Маңғыстау облысы – 400, Павлодар облысы – 336, Солтүстік Қазақстан облысы – 436, Түркістан облысы – 1000, Шығыс Қазақстан облысы – 680, Астана қалсы – 574, Алматы қаласы 1500 тонна сатып алмақ. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың мұндай көлемде қант алуға мүмкіндіктері, шоттарында тиісті қаражаты бар», – деді Өмірзақ Шөкеев. Осы ретте Бақытжан Сағынтаев облыс әкімдеріне тұрақтандыру қорларына қанттың қажетті көлемін сатып алуды тапсырды. «Өңірлердегі әріптестер, өздеріңіздің қорларыңызға қажетті деңгейде ақшаларыңызды бөліп, қанттың қажетті көлемін жинап алуларыңызды сұраймын. Ертеңгі күні қант болмады деп шу көтеріліп кетпесін. Қант жеткілікті, жұмыстың барлығы өздеріңізде», – деді үкімет басшысы.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы. Әсіресе жекеменшіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптастыруының мемлекетімізге артқан сайын елімі көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыссыздықты жоюда, нарыққа қажетті тауарларды жеткізуге, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуге және эконмиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады.

Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға байланысты міндеттерден басқа, мемлекет, қаржылық ақпараттық-сараптамалық және материалдық-техникалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқарады. Қолдаудың бұл нысандарының барлығын мемлекеттік атқарушы органдары арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әртүрлі бағдарламалардың көмегімен де әр ұйым капиталының қатысуымен осы үшін арнайы жасалған стратегиялар көмегімен де жүзеге асырады. Қазақстан Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына «Қазақстан 2050» Жолдауында «Мемлекет жұмысының негізгі бөлігі Қазақстан бизнесін, әсіресе шағын және орта бизнесті дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау болмақ. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретін болады. Еңбек

өнімділігін 5 есеге қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деп шағын және орта кәсіпкерліктің маңызын атап көрсетті.

Осы орайда елімізде көптеген шаралар жүзеге асуда. Олардың қатарында – шағын және орта кәсіпкерлік еліміздегі жұмыссыздықты азайтудың негізгі нысаны. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарлама жүзеге асқалы бері, елді мекен тұрғындарының табысы 6% артты. Кедейшілік деңгейі 5,9%-дан 3,8%-ға қысқарды.

Мемлекет тарапынан қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасалып, шағын және орта кәсіпкерлікке қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау жүргізілуде.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолы болып кәсіпкерліктің әртүрлі қырларын кеңінен қарастыру ғана емес, инновациялық тәсілдерді, дәстүрлі емес және озық технологияларды қолдану, ең жаңа өнімдер мен қызметтерді пайдалану да табылады.

Нұршат БОШҚАЕВА,
Алматы қаласы «Алатау ауданы бойынша аумақтық бөлім» филиалының аға сот орындаушысы-бөлім басшысы

---

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Өндіріс

«Ембімұнайгаздың» тарихы еліміздегі мұнай өндірісінің алғашқы қадамымен тығыз байланысты. Былтыр 95 жылдығын атап өткен компанияға тиесілі кен орындарының көпшілігі ескірген. Соған қарамастан, оның отандық мұнай саласындағы орны мығым, қадамы нық, алға қойған жоспары ауқымды. Біз бұған осы компания ұйымдастырған баспасөз сапарында көз жеткізіп қайттық.

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Бір топ тілші мен «Ембімұнайгаздың» (ЕМГ) баспасөз қызметіндегі әріптестеріміз мінген автобус қара жолдың бойында шоқалақтап әрең келеді. Артқы дөңгелегі шұңқырдан өттім-ау дегенде, алдыңғы дөңгелек асфальтты жамаған «дөңеске» шығып жатады. Бұл – анау-мынау емес, халықаралық маңызы бар Атырау-Астрахань жолы. Шұңқыр көбейген сайын баратын жеріміз алыстап бара жатқандай. Исатай ауданындағы «Нарын таңы» газетінің бас редакторы Асылан Мұратов «Қалай, шаршаған жоқсыздар ма?» деп сұрап қояды. «Бұл жолды жөндеуге Ислам даму банкімен келісімге келуі керек еді. Олар ақырында бас тартты. Енді Еуразия қайта құру банкімен келіссөз жүріп жатыр. Амандық болса, 2022 жылға дейін жөнделуі тиіс» деп түсіндіреді ол.

Бара жатқан жеріміз – «Забурунье» кен орны. Жол тақтайдай болса, бір-бір жарым сағатта жетуге болады. Әлгінде «Ембімұнайгаз» басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков пен компанияның бірнеше топ-менеджері қатысқан кездесуде айтылған әңгіме ойға оралды.

Компания ел экономикасы мен Атырау облысының әлеуметтік инфрақұрылымына қомақты үлес қосып келеді. Мәселен, акционерлік қоғам болып қайта құрылған 2012 жылдан бері аймақ инфрақұрылымын дамытуға 2,8 млрд теңге бөлген. Тек өткен жылы облыста инфрақұрылымның дамуына 840 млн теңге аударған. 2016-2017 жылдары бөлінген қаржыға биыл 100 орындық балабақша, Қызылқоға ауданындағы Сағыз бен Тасшағыл ауылдарында екі пәтерлі бес үй, Мақат ауданында 300 орындық мектеп, Исатай ауданындағы Тұщықұдық пен Жанбай ауылдарында 200 орындық мәдениет үйі салынып бітті. Бірақ ЕМГ инфрақұрылымды дамытуға қаржы бөлгенімен, оның қайда жұмсалатынын шешпейді. Жергілікті билік әр ауданның мұқтаждығына қарай шешімді өзі қабылдайды. Оның үстіне, күре жолдың «халықаралық маңызына» қарай, бұл тек республикалық деңгейде шешілетін мәселе көрінеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков «Цифрлық кен орны» туралы әңгімелеп берді

* * *

Біз жолға түс әлетінде шықтық. Оған дейін «Ембімұнайгаздың» заманауи ғимаратында болып, Интерактивті мұражайын араладық. Компанияның басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков өзі бастап жүріп, мұражай туралы әңгімелеп берді. Өндірістік процесті жедел басқару орталығы да осы ғимаратта. Одан кейін тілші қауымға арналған брифинг өтті. Айтылған әңгімені ой елегінен өткізіп көрелік.

Интерактивтік мұражайда қазақ мұнайының шығу тарихынан бастап, Ембі мұнайшыларының әр жылдардағы ерен еңбегімен танысуға болады. Ұлы отан соғысы жылдары Ембіде алдыңғы бесжылдықтармен салыстырғанда қара май 40 пайыз артық өндірілді. Сұрапыл соғыстың ауыртпалығына қарамастан, Комсомольск – Мақат, Қошқар – Сағыз мұнай желілері төселді. Қамыскөлде бу турбиналық электр станциясы және Гурьев мұнай өңдеу зауыты салынды.

Ембі тарихында алғашқы ұлт кадрларының қалыптасуы, тұңғыш мұнайшылар жайындағы деректер – мұражайдың маңызды бір бөлігі. Компания тарихында жай жұмысшыдан кәсіби маман, тәжірибелі басшы дәрежесіне көтерілгендер көп. Айта кетейік, «Ембімұнайгаздың» қазіргі басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков те еңбек жолын кен орнынан бастаған. Өз саласын бүге-шігесіне дейін білетіні де содан болар.

Бүгінде «Ембімұнайгаз» – келешегі кемел, заманауи компания. Құрамында 6 өндірістік-құрылымдық бөлімше бар. Бес мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Бұл – Интерактивтік мұражайдағы мағлұматтың азғантай бөлігі. Оны асықпай аралау керек. Қазақ жеріндегі мұнай өндірісінің тарихын молынан қамтитын заманауи мұражайдың ашылғаны – дұрыс қадам. Кешегі күнді білмейінше, келешегің кемел болмайды.

* * *

Жаңа технология заманында мұнай-газ компаниялары ескіше жұмыс істей алмайды. Биылғы тамыз айында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Атырауға іссапарында мұнай өндірудің заманауи тәсілдерін пайдалану қажет екенін атап көрсетті. Бұл жағынан «Ембімұнайгаздың» шет қалмағанына Өндірісті жедел басқару орталығында көз жеткізуге болады. Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков бізге «Цифрлық кен орны» жүйесінің жұмысы туралы қолмен қойғандай түсіндірді.

«Цифрлық кен орны» алғаш «Уаз» кенішінің базасында іске қосылған. Орталықтағы үлкен экранда қай кеніште қанша ұңғыма *(скважина)* бар екені, олардың қалай жұмыс істеп тұрғаны, тіпті оператордың ұңғымаға барған-бармағанына дейін анық көрінеді. Осыған қатысты басқарма басшысының өзіндік пікірі бар: «Мен оператор болып жұмыс істегенде, қарауымда 15 скважина болды. Соның бәрін күн суық, жел соғып тұрса да өз аяғыңмен аралап шығу керек. Қазір бәрі мына жерден көрініп тұрады. Әрине, сіздер «бақылау тым қатал екен» деп айтуларыңыз мүмкін. Жоқ, бұл қызметкерлердің басқан ізін аңду емес. Бұл тәртіпті қамтамасыз етіп, жұмысқа деген жауапкершілікті арттырады. Бұрын телефон арқылы пәлен бригада қайда десе, жұмысқа кетті дейтін. Ал олар жұмыс істеп жатыр ма, жоқ па, ол жағы беймәлім еді. Міне, қазір бәрін де қашықтан көруге болады».

Әлбетте, бұл технологияның жұмыс процесін бақылаудан басқа да пайдасы жетерлік. Мәселен, бұрын бұрғылау құрылғысы мұнай шықсын-шықпасын, күні-түні қозғалатын. Қазір мұнай шығаратын кезде ғана іске қосылады. Соның арқасында электр қуатын 35-37 пайызға дейін үнемдеу мүмкіндігі пайда болды.

Кен орнындағы ұңғыма өлшемдері онлайн-режимде диспетчер орталығына жіберіледі. Ол мағлұмат ЕМГ кеңсесіндегі Өндіріс процесін жедел басқару орталығына да келіп түседі. Мұнда талдау жүргізіліп, ұзақ мерзімді жоспар жасалады. Қашықтан мониторинг жасау және мұнай өндіретін нысандарды басқару ісіне компанияның барлық сатысындағы қызметкерлер тартылған.

Айта кеткен жөн, дәл осы «Цифрлық кен орны» жобасы былтыр күзде Ресейде өткен мұнай-газ саласындағы IT-жобалардың байқауында осы елдегі әйдік деген компаниялардың өзін шаң қаптырып, үздік атанды.

Бұл жүйенің планшетке арналған мобильді үлгісі де бар. Интернет болса, әлемнің төрт бұрышынан мағлұматты қаруға болады. Бұл, әсіресе, компанияның топ-менеджментіне қолайлы. Бағдарламаға сәйкес, ЕМГ кен орындары 2022 жылға дейін толық цифрландырылады.

* * *

1922 жылы IV Гурьев уездік съезінде «Ембімұнай» трестінің бірінші басшысы Рувим Фридман кен орындарындағы ауыр жағдайды, адамдардың ауа райының қолайсыздығына шыдамай кетіп қалатынын, сырқатқа шалдығатынын баяндапты. Ембі мұнайшылары қара майды аса қиын жағдайда өндірген. Соған қарамастан, 1940 жылға қарай өндіріс көлемін 750 мың тоннаға жеткізіпті.

Бүгінгі мұнайшының тұрмыс-тіршілігі, әрине, ол кездегімен салыстыруға келмейді. Әлеуметтік сала – компанияның басты назарында. 2016 жылы бекітілген Ұжымдық шарт бойынша *(2017-2021 жылдарға арналған)* компания өз қызметкерлерін әлеуметтік қамқорлыққа алған. Мұнайшылар мен олардың отбасы мүшелері компания есебінен медициналық сақтандырумен қамтылды.

Еңбек жағдайына тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп, жұмыс орындарында қауіпсіздікті жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған жаңа техникалық шешімдер енгізіледі. Әсіресе, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға көңіл бөлінуде. 2014 жылдың сәуір айынан еңбекті бағалаудың жаңа жүйесі енгізіліп, жұмысшыларға арналған төлем көлемі артты.

2017-2020 жылдарда Әлеуметтік нысандарды жаңғырту бағдарламасына сәйкес, жаңа жатақхана, асхана салу, әлеуметтік нысандарды күрделі жөндеу т.б. жоспарланған.

Сондай-ақ «Ембімұнайгаз» мерзімінен бұрын *(58 жастан бастап)* зейнеткерлік демалысқа шығу бағдарламасын іске қосты. Ол бойынша еңбек өтілінің көпшілігін ауыр жұмыста өткізген, денсаулығында кінәраты бар мамандар мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыға алады.

Ал жергілікті мамандарды дайындау мақсатында, 2015 жылдан бері екі жаңа жоба – Дуалдық оқу және Стипендия төлеу бағдарламасы іске қосылды.

2015 жылдан бері Атырау мұнай-газ университеті мен APEC Petrotechnic колледжінің 64 студенті оқумен қатар, өндірістік бөлімшелерде еңбек етті. Олар дипломмен бірге еңбек кітапшасын алды. Тестілеу нәтижесінде жоғары балл жинаған 16 түлек компанияға жұмысқа орналасты. Студенттердің тәжірибеден өтуіне жұмсалатын шығынның бәрін *(тұратын орны, тамағы, арнайы киім мен компенсациялық төлем)* «Ембімұнайгаз» АҚ мойнында.

Ал өндіріс шығынын азайту мақсатында кәсіби емес еңбек түрлерін қысқартып, біртіндеп аутсорсингке шығару қолға алынды. Мәселен, 2014-2017 жылдар аралығында аутсорсингке 164 жұмыс орны шығарылды.

* * *

Ойды ой жетелеп, «Забурунье» кен орнына да жеттік. Автобустан түскенде екі қабатты ғимарат жарқырап көзге шалынды. Жұмысшылардың жатақханасы екен. Жанында асхана мен медициналық пункт бар. Қазақтың қонақжайлығы кеніштің асханасында да көрініс берді.

Бұл араға бізді бекер әкелген жоқ. «Ембімұнайгаздың» өндіріске енгізген жаңа технологиясы – жер қабатына полимер айдау дәл осы «Забуруньеде» басталған. 2014 жылдың қараша айында тәжірибе ретінде іске қосылған француз технологиясы өндірілген мұнайдағы су көлемін азайтуды көздейді. «Қара алтынды» алу үшін жер қабатына су айдалатыны белгілі. Қатты қысыммен жіберілген су мұнайды ығыстырып шығады. Әйтсе де, жер қатпарындағы мұнайды түгелдей шығаруға шамасы келмейді. Ал полимер қабатқа терең ендеуге мүмкіндік береді. Мәселен, судың көмегімен жер қабатындағы мұнайдың 30 пайызы өндірілсе, полимер ол мөлшерді тағы 20 пайызға арттырады. Осылайша жер қабатынан «қара алтынды» өндіру 50 пайызға артады.

«Забурунье» кен орнындағы жатақхана

Жоба аяқталғанша әлі уақыт бар. Дегенмен қазірдің өзінде кеніштегі мұнай өндірісі тұрақтаған көрінеді. Су мөлшерін небәрі он пайызға азайтқанның өзінде жер қатпарындағы қара майды барынша көбірек алып шығуға болады. Бір қарағанда, қәдімгі крахмалға ұқсас полимердің пайдасы осындай. Болжам нәтижесіне сәйкес, жинақталған қосымша мұнай өндірісі – 525 мың тонна, химиялық шығын – 7488 тонна, 1 тонна полимерге шаққандағы қосымша мұнай өндірісі – 70,1 тонна болуы тиіс.

* * *

Кезінде Ембі геологтары Батыс Қазақстандағы Теңіз, Өзен, Маңғыстау, Кенбай, Прорва сияқты ірі көмірсутегі кеніштерін ашқан. Қазір ЕМГ 43 кен орнына иелік етеді. Соның ішінде 33 кеніште өндіріс жүріп жатыр. Тоғызы «тұмшаланған», яғни консервацияда. Мұнайдың қалдық қоры 73 млн тонна болса, оның 40 пайызын өндіру қиынға соғады. Өндірілетін қор 40 млн тонна шамасында. Кен орындарының 85 пайызы ескі. Сондықтан өндірілетін қорды ұлғайту – компания алға қойған басты міндеттің бірі. Оны орындау үшін геологиялық барлау мен терең бұрғылауға басымдық беріледі. Бұл тұрғыда геологиялық барлау бағыттары белгіленген. Соған сәйкес, С.Нұржанов, Кенбай, Жаңаталап, Ботақан және т.б. кен орындарында барлау жұмыстарын аяқтау, Қаратон-Сарқамыс пен Тайсойған лицензиялық блоктарында іздеу-барлау жүргізу жоспарланған. Негізінен Қаратондағы тұз асты қабатына үміт артып отыр. Биыл онда 6000 метрден де терең бұрғылау жоспарланған.

Атырауға қайтарда біз жолай «Батыс Новобогат» кенішіне соқтық. Мұнда бізді «Ембімұнайгаз» АҚ геологиялық барлау департаментінің жетекшісі Шайхан Мұхаметрахимов күтіп алды. Жас маманның айтуынша, алдағы уақытта тұз асты қабатында, сондай-ақ тұз үстінде бұрғылау жұмыстары жүреді. Бұл мұнай өндірісінің көлемін арттыруы тиіс.

Кен орнына біз қараңғы түскенде келдік. Күндіз көргендей емес, шамы жарқыраған бұрғылау қондырғысы түнде өзгеше көрінеді екен. Ғарыш ракетасының кішігірім үлгісі іспетті. Мұны жақсы нышанға баладық. Озық технологияны енгізуге ұмтылатын басшылығы, алға қойған міндетті орындайтын жігерлі мамандары бар компанияның биікке самғайтынына күмән жоқ.

Гүлнар АХМЕТОВА,
Алматы – Атырау
(Суреттерді түсірген автор)

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
5

АРҚАДА ОРАҚ НАУҚАНЫ ҚЫЗА ТҮСТІ

Биыл ауа райының қолайсыздығына қарамастан, бар жан-тәнін салып жұмыс істеген диқандардың қабағы көтеріңкі. Арқадағы астықтың реңі жаман емес. «Балапанды күзде санайды» дегендей, қамбаға түсетіннің қарымы қаншалықты екенін дәл қазір дәп басып айта алмағанымызбен, көктем суық, жаз салқын болса да, ырыздықтағы еншіміз «шүкіршілік» дейтіндей.

Ақмола облысының диқандары 4 миллион 316,6 мың гектар егіс алқабының астығын жинап алуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін 1883,0 мың гектар жердің егіні орылып, қамбаға 1862,6 мың тонна астық, оның ішінде 104,5 мың тонна тұқым құйылды. Әзірге орташа гектар берекесі 10,2 центнерден айналуда. Жаман көрсеткіш емес.

Былтыр да облыста алдына жан салмаған жарқайыңдық диқандар биыл 617,5 мың гектар алқаптың дәнді және бұршақты дақылын жинап алуға білек түре кіріскен еді. Қазір олар өздеріне тиесілі алқаптардағы егіннің 387,5 мың гектарын орып, 329,5 мың тонна астық бастырды. Келер жылдың қамын ойлап, қамбасына 30,2 мың тонна тұқым құйып алды. Осы арада екпін түсіріп айта кетуіміз керек, жарқайыңдықтардың жақсы үрдісі облыс бойынша ең жақсы көрсеткіш. Жарқайыңмен іргелес жатқан Есіл ауданының диқандары биыл өздерінің түгін тартсаң майы шығатын 439,7 мың гектар егіс алқабына дәнді дақыл тұқымын сіңірген болатын. Осы арада бұл өңір астығының жоғары бағаланатынын айта кеткен ләзім. Ақмола облысының Торғай жақ беттегі аудандарында өсірілген астықтың нандық қасиеті орманды алқаптарға қарағанда біршама жоғары болады. Сондықтан да бұл өңірдің диқандары маңдай терімен өсірген алтын астығын тәуір бағаға пұлдап сата алады. Дәл қазір Есіл ауданындағы егістік алқаптардың 42,7 пайызы орылып, 165,1 мың тонна астық бастырылды.

Астрахан, Целиноград, Аққөл аудандарының диқандары да орақ жұмысын барынша ширата түсуде. Мәселен, Астрахан ауданы диқандарының соңғы тәуліктерде әбжілдік танытуда. Өңірде алғашқы болып егінге орақ салған «КДК Греин», «Достық-06», «Ақхилал» серіктестіктерінің шаруалары бітік өскен бидай алқаптарынан жиналған биылғы дән қамбамызды қампайтады деп үміттеніп отыр.

Биыл Астрахан ауданында 337 мың гектар алқапқа дәнді дақыл себілді. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайрат Қалабаевтың айтуынша, өңір диқандары бүгінгі күнге дейін 149 мың гектардың егінін орып, қамбаға 149 мың тонна астық құйып алды. Бұл аудандағы орташа гектар берекесі әзірге 10 центнерден айналуда. Науқандық жұмысқа 886 комбайн, оның ішінде өнімділігі жоғары шетелдік 250 комбайн, 961 трактор тіркемесі тартылған. Машина-трактор паркін жаңарту мақсатында биыл 20 комбайн сатып алынған. Қажетті дизелдік отынды «Қазсер и К» және «Жалтыр тас» серіктестіктері белгіленген кесте бойынша тасымалдауда. Ауданға 495 тонна дизель отыны кепілдікпен бөлінген болатын. «Жалтыр элеваторы», «Бетеге У», «Қалқұтан» астық қабылдау кәсіпорны», «Қазақзернотрейд», «Грос Нан» серіктестіктері астық қабылдап, кептіре бастады. Басты міндет – бітік шыққан астықты шашпай-төкпей жинап алу болып отыр.

Таяуда өңірлік кәсіпкерлер палатасында журналистердің қатысуымен өткен брифингте күзгі егін орағы кезінде астық пен ұнды тасымалдау сәтінде туындайтын түйткілді мәселелерді болдырмау мақсатында қолға алынған шаралар сөз болды.

Биыл да облысымызда егін бітік шығып, ел ырзығы молайғалы тұр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі бойынша, өңірде 5,5 миллион тоннаға жуық астық жиналады деген болжам бар. Ал енді сол мол астықты дер кезінде жинап, сақтап, кептіріп, игілікке асыру ұшан-теңіз жұмыс. Ауа райының ерекшеліктеріне байланысты жайқалып шыққан егінді уақтылы орып, мол астықты ысырапсыз жинап алу мәселесі үлкен жауапкершілікті қажет етіп тұр. Осыған байланысты облысымыздағы астық қабылдау кәсіпорындарының жағдайы, дайындығы, жаңа астықты сақтау және темір жол арқылы тасымалдау мәселесі талқыланған жиынға өңірлік кәсіпкерлер платасының директоры Тимур Нахыпбеков, «Қазақстан теміржолы – жүк тасымалы» АҚ Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары Балғабек Ақпейісов, «Астық Транс» АҚ-ның Ақмола облысы бойынша өкілі Еркін Молдақов, ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік инспекциясы комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Сұлтан Қасенов, «Өңірлік астық холдингі» ӘКК директоры Ербол Тәшенов және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері қатысып, атқарылып жатқан жұмыс туралы айтып берді.

Жиында облысымыздағы астық қабылдау кәсіпорындарының жағдайы, дайындығы, жаңа астықты сақтау және теміржол арқылы тасымалдау жұмысын үйлестіру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыс штабы құрылғаны сөз болды.

Тимур Нахыпбеков «Былтыр вагондардың жетіспеушілігінен астық тасымалдау барысында біраз қиындық туды. Осының салдарынан астық өндірушілер нарыққа шыға алмай, қосымша қаржылай шығынға батты. Сол себепті, «Қазақстан теміржолы» мен кәсіпкерлер арасында туындайтын түйткілді жылдам шешу үшін жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кіріс органдарының, «Қазақстан теміржолы» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің және өңірлік кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жұмыс штабы құрылды», – деп атап өтті.

Бұған қоса, кәсіпкерлерден басқа, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ, «Астық Транс» АҚ және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылығымен бірыңғай WhatsApp-чаты құрылды. Бұл өзара ынтымақтастық оң нәтиже берді. Палата директоры бұл бағытта жұмысты күшейтуді ұсынды.

Ал «Қазақстан теміржолы – жүк тасымалы» АҚ Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары Балғабек Ақпейісов Қазақстан әлемдегі астық пен ұнның он ірі экспорттаушыларының қатарында екендігін айта келе, астықты таяу және алыс шетелдерге тасымалдау үшін жеңілдікті тарифтік жағдайларды қарау тұрғысынан агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ерекше назар аударылып отырғандығын атап өтті.

Брифинг соңында егін орағы кезінде астықты тасымалдау бойынша орын алған мәселелерді бірлесе шешу қажеттігі айтылды.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

КАРТОП ӨСІРУ ҚАРҚЫНДЫ

Алматы облысында картоп өсірумен даңқы шыққан екі өңір бар. Бірі Жоңғар Алатауына еміне орналасқан Қоғалы ауылы болса, енді бірі – Хантәңірінің етегіндегі Райымбек ауданы. Кеңес одағы кезінде берісі Қазақстан, арысы одақты картоппен қамтамасыз етіп келген қос өңір тәуелсіздік жылдары адымынан жаңылып қалғаны жасырын емес. Алайда «Орнында бар оңалады» деген рас екен. Райымбек ауданындағы диқандар есін жиып, еңсесін тіктеп, биылдан бастап күнкөріс пен байлықтың көзі болған картоп өндірісін жандандыра түсті.

Жыл басында өңірлік коммуникация қызметінде журналистермен кездескен Райымбек ауданының әкімі «Биылдан бастап ауданда картоп өндіруді қолдауға барынша назар аударамақпыз. Бүгінде «Жетісу» ӘК» ҰК арқылы 850 млн теңге қаржы бөлініп, Голландиядан картоп тұқымын алуға келісім жасалды. Оны 200 гектарға егіп, 600 тонна өнім аламыз деп отырмыз. Осы арқылы тұқым шаруашылығын жандандырып, келесі жылы егіс көлемін 2 мың гектарға ұлғайтпақпыз. Картоп шаруашылығын жандандыру мақсатында сервистік қызмет көрсету орталығы да көптеп ашылады. Сонымен қатар, картоп өнімін саудаға шығарып, қаржы табуға да болады. Айталық, бүгінде картопқа сұраныс Астана қаласында 68 мың, Алматыда 123 мың, Алматы облысында 438 мың тоннаға жетіп отыр. Демек, осы арқылы тұрғындарды жұмыспен қамтудың қосалқы жолы қалыптасады», – деген болатын.

Аудандағы ағайын сенімділік танытып отырғаннан кейін тоқыраған тіршілік қайта дүр етіп, жандана түсер деген ниетпен облыс әкімі Амандық Баталов өңірде картоп өсіруге қолдау көрсетіп, бюджеттен қомақты қаражат бөлген еді. Соның арқасында Голландиядан 290 тонна таза элиталық картоп тұқымы Жетісуға жеткізілді. Сонымен қатар, картоп өсіруге ынталы жұрт шетелдің «Санте» мен «Агрия» тұқымы мол өнім береді деген тұқымдарын өз қаражатымен сатып алды.

Биыл Райымбек ауданында 238,950 келі картоп тұқымы 72 гектарға егілді. Мұның ішінде Текестегі картоп өсірумен айналысатын «Өркен», «Ерік», «Ретай», «Ақжол», «Самғат» сияқты қожалықтар бар. Олар да аталған жаңа тұқым түрін егуге көшті.

Элиталық картоп тұқымының өнім беру мүмкіндігі анағұрлым жоғары екенін мамандар айтып отыр. «Санте» мен «Агрияны» 4 жыл бойы отырғызып, мол өнім алуға болады. Сырты тегіс, сары түсті шетелдік тұқымды еге білсең, ол жер таңдап, топырақ талғамайды. Осының арқасында ауданның топырағы құнарлы алқаптары аз күнде берекеге толды. Бұл тұрғыда шаруа қожалықтары картоп күтуде түрлі зиянкестермен дер кезінде күресіп, шығымды сақтады.

«Өркен» шаруа қожалығының жетекшісі Талғат Нүсіпқожаев «Облыс әкімінің қолдауымен іске асып отырған картоп шаруашылығымен, шаруа қожалықтарының тыныс-тіршілігімен таныстық. Жігіттер жаңа картоп тұқымын күтіп-баптауда еш аянып қалған жоқ. Қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, мол өнім алуды көздеп отыр», – дейді.

Иә, осы тұста облыста картоп отырғызатын, өнім жинайтын, жерді құнарландыратын жаңа техника алу үшін 500 млн теңге бөлу жоспарланып қойғанын айта кеткеніміз жөн. Осы бағытта істеліп жатқан жұмыстар да өз нәтижесін бере бастағандай.

Аудан әкімі Жолан Омаров диқандардың төккен тері мен істеген еңбегінің еш кетпегеніне қуанды. «Санте» мен «Агрия» элиталық тұқымының бір түбінің өзінен 13-17 жаңа түйнектің шығым бергенін байқадық. Аталған шетелдік екі тұқымнан 300-350 центнерден өнім алуға мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде аудан диқандары үшін жаман көрсеткіш емес.

Келер жылға шаруа қожалық иелері 720 гектарға картоп егуді жоспарлап отыр. Нарынқолдың картобын қалпына келтірудегі нақты қадамдарға ел де ерекше қуанышты. «Екінші нан» деген атауы бар картоп өндірісі аз уақытта аясын кеңейтеді деп сенеміз. Оған диқандардың толық мүмкіндігі бар.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

АЛМҰРТТЫ АЛҚАПТЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Еліміз әлемге апорт алмасымен танымал. Қазақстанның апортына деген сұраныс шетелде күн өткен сайын көбеймесе, азайып көрген жоқ. Бұл жемістің керемет тұқымы бізде ғана бар дегенді білдірмейді. Өзге елде де жұрт мақтаған жеміс түрлері көп. Солардың ішінде Түркияның алмұрты бауырлас елдің абыройын асқақтатып келеді. Кейінгі жылдары сол елдің тәжірибесін пайдаланып, қыруар қаржы тартып, түрлі жеміс-жидек өсірумен айналысып жүрген қаракөздердің қатары көбейе түсуде. Әсіресе, қарт Алатаудың баурайындағы құйқалы топырақ жеміс өсіріп, оның игілігін көруге таптырмас мекен болды.

Осыған дейін Қарасай өңірінде Түркия компанияларымен бірлесіп, 20 гектар алқапқа құлпынай өсірген ағайынды Бекет пен Азамат Әбішевтер бүгінде заман талабына сай алмұрт ағаштарын отырғызуды қолға алып отыр. Бастапқыда табысы жоғары болғанымен, машақаты көп құлпынай дақылын баптап көрген болатын.

Күрделі қаржы құйылмай, нәтиже бермейтін шаруаны атқаруға көкөніс пен жеміс-жидек өсіруде мол тәжірибе жинақтаған түрік ағайындар көмекке келген. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылды басшылыққа алып, іздене жұмыс істеген «Әбішев» шаруа қожалығы көп ұзамай табысқа кенелді. «Туған жерге туыңды тік!» деген олар өздері өсіп-өнген Қарасай өңіріне пайдаларын тигізуді мақсат етті. Ауыл шаруашылығы саласын зерделей келіп, шаруаны ұлғайтуды ойластырды. Ол үшін көп ізденіп, аталған саланың түрлі бағытын сараптамадан өткізіп көрді. Осы арада өздерімен бұрыннан серіктестік тұрғыда еңбек етіп келе жатқан түріктің компаниясы алмұрт өсіруді ұсынады. Құр тәуекел табысқа бастамайтынын білетін ағайындылар алдымен алмұрт өсірудің технологиясын, елдегі бұл өнімге деген сұраныс пен ұсынысты зерттей келе, осы шаруаны қолға алды.

Жаңадан егіліп жатқан алмұрт бағына келгенде әдеттегі көрініс емес, жерге қадалған мың сан бағанды көріп, таңдандық. Алдымен жерді тақтайдай етіп тегістеп, темір бағандарды қадағаннан кейін оларды бір-бірімен сым темір арқылы байланыстыра жалғапты. Біздің түсініктегі алмұрт бағынан гөрі, күрделі құрылысқа көбірек ұқсайтын алқап мәнісін сұрағанымызда шаруа қожалықтың иесі Азамат Құдайбергенұлы былай түсіндірді: «Алмұрт көшеттері осы бағандағы сымдарға тартылып, белгілі бір тәртіппен өсіріледі. Жемістерді құс шұқып, бұршақ ұрып, күн сәулесі күйдіріп кетпеу үшін үсті арнайы тормен толықтай жабылады. Тамшылатып суару технологиясын пайдалана отырып, әр талдың ылғалын компьютер арқылы бақылауды жолға қоймақпыз».

Түркиядан әкелінетін көшеттер мұндағы ауа райы, топырақтың құнарлылығы мен судың құрамына байланысты таңдалып алынған. Олардың жерсінуіне жауапкершілікті де компания өз мойнына алған. Агротехникалық талаптарға сай әзірленген 20 гектар алқапқа 50 мың түп көшет отырғызылмақ. Бұған мемлекет тарапынан да қыруар қаржы бөлінді. Түркиядан келген маман Ахмет Ақгил жас көшеттердің келесі жылы-ақ алғашқы жемісін бере бастайтынын айтады. Ал жеміс ағаштары желегін жайғанда, бір гектар жерден 50 тоннаға дейін өнім береді. Жергілікті 20 тұрғынды жұмыспен қамтып отырған алмұрт бағы болашақта алматылықтарды тәтті де сапалы жеміске кенелтеді деп сенеміз.

Жеміс-көкөніс шаруашылығын, жүзім шаруашылығын дамыту мақсатында инвестициялық шығындарды субсидиялау есебінен жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу, маусымаралық кезеңде жылыжай кешендерінде көкөніс өнімін өндіру, су үнемдегіш технологияларды қолдану ынталандырылатын болады, сондай-ақ, «Апорт» сортты алма ағашы бақтарын отырғызу және өсіру шығындарын өтеу қамтамасыз етілетін болады. Кооперация негізінде өндірудің, дайындаудың, сақтаудың, қайта өңдеу мен өткізудіңтолық циклі инфрақұрылымы жасалатын болады.

(Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Қажет ОМАРАҚЫНҰЛЫ,
Алматы облысы

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚ БАҒДАРЫ

Адамды алмастыратын болашақтың таңғажайып роботтары Қазақстанда жасалып жатса, таң қалмаңыз. Себебі, қазіргі таңда робототехника мектеп бағдарламасына енгізіле бастады. Көптеген білім ордаларында робототехника зертханалары ашылды. Балалардың бұл салаға қызығушылығы жыл санап артып келеді. Өнертапқыш өрендер елімізде, шетелде өткізілетін жарыстарға белсене қатысуда. Оқушыларымыздың қолынан шыққан құлтемірлердің де кереметтігін көз көрді. Әрине, әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Бірақ, ең бастысы, талпыныс бар.

Осы саланы ілгерлете зерттеп, күн сайын түрлі тәжірибелер жасаудан жалықпайтын Алматыдағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ұстаздарынан робототехниканың қазіргі жәй-күйі туралы егжей-тегжейлі сұраған едік. Робототехникаға жауапты мамандар бұл салада ұландарымыз қол жеткізіп жатқан ерекше жетістіктерге де тоқталды.

Шақан ЯСЫНЖАН

Осыған орай, химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің «Кеңейтілген лаборатория» меңгерушісі Нұрболат Досболовты әңгімеге тарттық.

Н.Досболов аталған оқу орнындағы робототехника саласы бойынша мынадай мәлімет берді: «Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі 2015 жылы ашылды. Мектебімізде химия мен биологияға басымдық берілгенімен, бізде робототехника саласы жақсы дамыған. Бұл еліміздегі 500 шаршы метр аумағы бар ең алғашқы лаборатория. Соңғы үш жылда мектеп оқушылары көптеген халықаралық жарыстарға қатысып, жеңімпаз атанды. Сонымен қатар республикалық жарыстарда жоғарғы нәтиже көрсетіп жүрміз. Алматы қаласы бойынша біздің оқушылар абсолютты чемпиондар қатарында. Былтыр біздің оқушылар робототехникадан Алматы қаласы әкімінің кубогын жеңіп алған болатын. Осы жарыстардан топ жарған оқушыларымыз қараша айында Таиландта өтетін WRO *(World Robot Olympiad)* халықаралық робот олимпиадасына қатысатын республикалық құраманың қатарына енді».

Біз лабораторияға келген оқушылардың шығармашылығын шыңдап, бағыт-бағдар беретін информатика және робототехника пәнінің мұғалімі Шақан Ясынжанмен кездестік.

Ш.Ясынжан «Робототехника сабағы 7-11 сынып оқушыларына жүргізіледі. Біздің лаборатория екі бағытты қамтиды. Бірінші бағыт – Lego, *(робот құрастыру)* екінші бағыт – Arduino *(микросхема)*. Алдымен біздің бөлімге келген оқушылар белгілі бір тапсырмаларды орындайды. Бір жарым ай өткеннен кейін, қабілетіне қарай оқушы екі бағыттың біріне қабылданады. Сонымен қатар оқушылар бір топқа топтастырылып, арнайы жобаны жасайды. Халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын робототехника олимпиадаларына дайындалады. Біз әлемдік деңгейдегі жарыстарға 2015 жылдан бері қатысып келеміз. Биыл төртінші рет қатысайын деп жатырмыз. Биылғы жылға дейін оқушыларымыз жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. 2016 жылы біздің топ республикалық робототехника байқауынан 1-орын алып, сол жылы Үндістанда өткен халықаралық робототехника сайысына қатысқан болатын. Ол жарыста алдыңғы 20 мемлекеттің қатарына ілінді. Робототехника саласына қазіргі таңда қызығушылық артып келеді. Сондай-ақ біздің тәлімгерлер алдағы уақытта өтетін республикалық робототехника жарысы мен Ресейде өтетін сайысқа дайындық үстінде. Лаборатория әр оқушының ойлаған жобасын іске асыратын арнайы құрал-жабдықпен толық қамтылған», – деді.

Робототехника саласы бойынша халықаралық сайыстарға қатысып, жүлделі орыннан көрініп жүрген оқушыларды әңгімеге тарттық.

10-сынып оқушысы Ағаділ Нұрберген «Біздің жобамыз Security robot деп аталады. Қазіргі таңда жол апатының салдарынан көп адамның зардап шегіп жатқанын білеміз. Біздің мақсатымыз – осы жол апатын азайту болмақ. Сондықтан жүргізуші белгілі бір шамадан жылдамдықты асырған жағдайда, алдын ала дыбыстық ескерту жасайтын құрылғыны ойлап таптық. Құрылғы жылдамдықты асырған жүргізушіге 5 секунд бұрын хабарлама айтады. Егер де ол жылдамдығын төмендетпесе, оның көлігі, асырған жылдамдығы, жол жүру ережесінің қай бөлімін бұзғандығы туралы мәліметтер жол-көлік полициясының базасына жіберіледі. Біздің құрылғы негізгі үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі- спутникпен байланыс орнатып, қажетті ақпараттарды алады. Екінші бөлігі-жиналған ақпараттарды қажетті орындарға жіберу қызметін атқарса, үшіншісі- осы ақпараттарды басқарып тұратын микросхемадан тұрады», – деді.



Ағаділ НҰРБЕРГЕН

Мирас НҮСІПОВ

Аңсар АМАНТҰР

Ал тағы бір 10-сынып оқушысы Мирас Нүсіпов былай деді: «Нұрберген осы жобаның басшысы болса, мен дизайнерімін. Бұл құрылғының тұтынушыға қолайлылығын қараймын. Құрылғының мөлшері қандай, жалпы сипаттамасын түсіндіріп беремін. Біз құрылғыны алда өтетін инновациялық жарысқа дайындап жатырмыз».

Ақылды құрылғыны жасауда Нұрберген басшы, Мирас дизайнер болса, Аңсар құрылғының бағдарламасына жауапты. Аталған білім ордасының 10-сынып оқушысы Аңсар Амантұр жобадағы атқаратын қызметі туралы айтып берді: «Мен құрылғының бағдарламасына, микросхемасына жауаптымын. Мәліметтерді реттеу, жинақтау, жіберу сынды қызметтерді реттеймін». Құлтемірді серік еткен тәлімгерлерден Назарбаев зияткерлік мектебіне қалай түскендері, болашақ арманы туралы сұрақ қойғанымызда, жобадағы ең жауапкер Аңсар Амантұр жауап берді.

Ол «Биылғы конкурстың қалай өткенін білмедім. Ал біз тапсырған жылдары негізі пәндер математика, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі болды. Бұл пәндерден арнайы сынақтан өткеннен кейін, конкурстың екінші турына өтесің. Екінші тур логикалық тапсырмалардан тұрады. Егер аталған оқу орнына түскің келсе, логиканы, ойлау қабілеті мен тез шешім қабылдау жағы басым болуы керек. Біздің мектеп үш тілділік бағдарламасы бойынша білім береді. Болашақта робототехника саласын әрі қарай дамытып, АҚШ-тың Бостон қаласындағы Гарвард университетінде білімімді жалғастырғым келеді» деген ойымен бөлісті.

Робототехника мектеп оқушыларына XXI ғасырдың технологиясы ретінде ұсынылады, олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Шешім қабылдауда өз бетімен, өзара көмектесе әрекет жасау дағдыларын дамыту, шығармашылық әлеуетін ашады.

Елімізде робототехника бағытының даму болашағы зор. Робототехника оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға және практикалық тапсырмаларды шеше білуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл жастарды ғылым, технология, математика арқылы жаңашылдыққа шабыттандыратын, бүгінгі күннің мәселелерін шешу үшін өз дағдыларын қолдануға, сын тұрғысынан ойлауға, жағдайды талдауға шығармашыл болуға мүмкіндік беретін аса тартымды сала.

Аталған білім ордасынан болашақта робототехника саласын әлемдік деңгейге танытатын мықтылар шығатынына сеніміміз мол!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
Суретті түсірген Ғалия ҚАЛИЕВА

Сандуғаш ОРЫНБАЕВА:

ДОНОР МАҒАН ӨМІР СЫЙЛАДЫ

Ресми деректерге сүйенсек, соңғы 5 жылда отандық медицинадағы трансплантология саласы белсенді түрде дами бастады. Осы уақыт ішінде дәрігерлер мыңнан астам ота жасап, олардың 84,9 пайызы ойдағыдай аяқталды. Қайтыс болғандардың ағзасын пайдалану арқылы жасалған операциялар – 18 пайыз.

Елімізде 3,5 мыңдай адам өмірлік маңызы бар ағзасын ауыстыруға мұқтаж екен. Олардың барлығы күту парағына тіркеліп, күн сайын медициналық орталықтан қоңырау күтуде. Бір қуантатыны, шетелде қомақты қаржыға жасалатын ағза алмастыру отасы өз елімізде де жасала бастады. Трансплантация саласы дамып, еліміздің білікті мамандары ағза алмастыруда жоғарғы нәтижелерге қол жеткізуде.

Еліміздегі «Өмір сыйы» трансплантациядағы пациенттер қоғамы» республикалық қоғамдық қорының президенті Сандуғаш Орынбаева осыдан екі жыл уақыт бұрын трансплантация отасын жасатқан. Қазір ол ағза алмастыру отасына мұқтаж жандарға көмектесу мақсатында «Өмір сыйы» қоғамдық қорын құрып, отаға зәру науқастарға көмек беруде. Біз трансплантациядан кейінгі өмір, отандық медицинаның ағза алмастыру отасына мұқтаж науқастарға көмегі және басқа да өзекті мәселелер жайында Сандуғаш Орынбаевамен әңгіме өрбіттік.

> **«Күрделі технологиялық қондырғылар мен біліктілігі жоғары мамандарды қажет ететін денсаулық сақтау қызметтері ауданаралық, өңірлік, облысаралық және республикалық деңгейде орталықтандырылады. Қазақстан Республикасының халқы сапалы донорлық компоненттермен және препараттарымен қамтамасыз етілетін болады»**
>
> *(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)*

Jas qazaq: Сандуғаш, ең алдымен әңгімемізді өз тәжірибеңізден бастасақ. Трансплантация отасын өз басынан өткерген жан ретінде, еліміздегі ағза алмастыру отасын жасаудағы отандық дәрігерлердің біліктілігін қаншалықты бағалайсыз?

Сандуғаш Орынбаева: Бүйрек алмастыру отасын осыдан екі жыл бұрын жасаттым. Өмірге екінші рет қайта келдім десем, қателеспеймін. Өйткені маған сәйкес донорды 1,5 жыл уақыт күттім. Ал жақындарым маған донор болуға қанша тырысқанымен, сараптама нәтижелері сәйкес келмеді. Күн сайын тіпті минут, секунд сайын трансплантологтардан қуанышты хабар күтумен болдым. Мұны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл менің өмірімдегі ең қымбат сыйлық еді. Сол әйелге, анасына өз алғысымды сөзбен жеткізе алмаймын. Мен оның кім екенін де, есімін де білмеймін. Бірақ оған тағзым ету үшін іздеп тапқым келеді. Өйткені оңай болмаған оның шешімі маған өмір сыйлады. Оның қайырымдылығының арқасында балаларымның өсіп жатқанын көре аламын, немерелерімді көре аламын. Басқа адамдарға көмек бере аламын.

Еліміздегі білікті мамандардың арқасында ота сәтті жасалып, қазіргі таңда тағдырлас жандарға қол ұшын беріп, үміт сыйлау мақсатында қызмет етіп жүрмін.

Jas qazaq: Өзіңіз басқарып отырған «Өмір сыйы» қоғамдық қорының қызметі қандай мәселелерді шешуге бағытталған?

Сандуғаш Орынбаева: Менімен тағдырлас жандарға көмек беру идеясы отадан кейінгі жан сақтау бөлімінде ес жиған соң пайда болды. Сол күні-ақ мен өмірімнің бұрынғыдай өз мақсатымды іске асыруға емес, ағза алмастыру отасына мұқтаж жандарға көмектесуге, үміттендіруге дәрігер маманы ретінде міндетті екенімді түсіндім. Отадан кейінгі төртінші айда «Талмас қадам» қоғамдық қорының мүшесі атанып, сонымен қатар трансплантациядан кейінгі науқастарға көмек қолын беретін республикалық «Өмір сыйы» қоғамдық қорын құрдым. Қордың негізгі мақсаты – тұрғындарға донорлық туралы дұрыс ақпарат беру. Өйткені, өздеріңіз білесіздер, біздің елімізде донор болуға келісу жағы толық шешімін таппаған.

Осыған орай, еліміздің барлық аймақтарын аралап, донорлықты түсіндіру мақсатында кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырамыз. 2017 жылы Ақтау қаласында алғаш рет «Донорлар аллеясы» ашылып, онда донор тапшылығынан қайтыс болған науқастардың құрметіне ағаш отырғызылған болатын. Сонымен қатар отадан кейінгі науқастарға берілетін дәрі-дәрмек мәселесінің шешілуін де қадағалаймыз.

Jas qazaq: Сіздің ойыңызша, еліміздегі ағза алмастыру отасының деңгейі қандай? Донор мәселесі қалай шешілуде?

Сандуғаш Орынбаева: Еліміздегі трансплантация саласы 2012 жылдан бері қарқынды дамып келеді. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2012 жылы ағза трансплантациясын енгізу міндеті қойылды. Сол жылдан бері 1200 адам өмірге қайта келді. Қазақстанда қайтыс болғаннан кейін донор болу презумпциясы бар. Бұл – егер адам тірі кезінде емханаға барып, бас тарту туралы құжатты толтырмаса, мидың өлу дерегі тіркелгеннен кейін, дәрігердің басқа сырқаттарға салу үшін ағзаларды алуға толық құқысы бар деген сөз. Бұл норма 2009 жылы «Ұлт денсаулығы» кодексінде бекітілген. Бірақ заң жүзінде бекітілгенімен, қайтыс болған адамның туыстарынан рұқсат алынады. Көп жағдайда келісім бермейтіндері де бар. Естеріңізде болса, 2017 жылы Ақтөбеде қайтыс болған адамның ағзасы адам өміріне өте қажет болғандықтан, туыстарының рұқсатынсыз алынған болатын. Кейін туыстары дәрігерлерді сотқа берді. Алайда дәрігерлер өз ісінің дұрыс екенін заңды түрде дәлелдеп берген еді. Өлім аузында тұрған науқасты аман қалудың бірден-бір жолы – ағзасын ауыстыру. Бүкіл өркениетті елдерде қайтыс болғаннан кейін донор болу әдеттегі тәжірибе болып саналады. Басқаларды құтқаруға жәрдемі тисе, ағзаны жер қойнына берудің қажеті қанша? Бұл мәселе оңай болмаса да, біз де осыған келуге тиіспіз.

Jas qazaq: Еліміздегі трансплантациядан кейін тұтынатын дәрі-дәрмек мәселесі қаншалықты шешімін тапқан? Дәрі тапшылығы бар ма?

Сандуғаш Орынбаева: Біз үшін дәріні алмастыру өте қауіпті. 2011-2012 жылдары еліміздегі отадан кейінгі науқастар бір дәріден екінші дәріге алмасу жағдайына жиі тап болған. Егер науқас адамға белгілі бір дәрі қолдану керек болса, ол дәріні алмастырмау маңызды. Қазіргі таңда медицина цифрлық жүйеге толықтай көшті. Еліміз бойынша дәрі-дәрмекке мұқтаж адамдардың тізімі жасалып, сол бойынша мемлекет тапсырыс жасайды. Қазір кез келген шешімін табу керек мәселені онлайн түрде жауапты медициналық ұйымдарға жазып, дер кезінде жауап ала аламыз.

Сұхбаттасқан
Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
7

«ЭЛАСТОПОЛИМЕТ» ЭКОНОМИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН СЕРІКТЕСТІК

Кентау қаласындағы «Эластополимет» серіктестігі негізінен жұмысын экономикаға негіздеген, техника мен технологияны өндірісте қолдануда халықаралық дәрежедегі әріптестерімен бәсекелесе алатын, ғылыми-техникалық жетістіктерді барынша тиімді пайдаланып жүрген бірегей кәсіпорын. Стратегиялық маңызы бар құрал-жабдықтар шығаратын серіктестік сапа мен тиімділік қағидаттарын басты ұстаным етіп алыпты. Ресейлік «РИВС» компаниясымен әріптестік тұрғысынан байланысатын аталмыш серіктестіктің бұйымдары ТМД елдерімен қатар бірқатар шетелде үлкен сұранысқа ие. Тау-кен саласындағы резина-техникалық бұйымдарын шығаратын кәсіпорын 1995 жылдан бері осы салада тұрақты жұмыс істеп келеді.

Бізді «Эластополимет» ЖШС атқарушы директоры Валентин Коростелев зауыттың ауласында қарсы алды. Алып зауытта не өндірілмейді десеңізші. Соның ішінде тау-кен саласындағы өндіріске қажетті бұйымдар осы жерде жасалып, жер-жерге пышақ үстінен таратылып жатыр. «Пышақ үстінен» деген сөзді біз әсерілеу үшін ғана пайдаланып отырғанымыз жоқ, шын мәнінде олар жасайтын бұйымдар өндіріске өте қажет. Егер осы серіктестік шығаратын бұйымдар мен қосалқы бөлшектер жетіспей жатса, көптеген тау-кен саласындағы кәсіпорындар тоқтап тұрар еді. Мұны өндіріс орнын аралағанда өзіміздің де көзіміз жетті. Өйткені, біз әншейінде пайдасы мен құнын жете біле бермейтін, жасалу жолы өте күрделі резинадан жасалатын бұйымдардың техниканы жүргізуде қажеттілігі орасан.

Коростелев бізге өндіріс орнында құпия болып табылатын цехтары да бар екенін жасырмады. Дегенмен, ол бізге өндіріс орнын аралатып көрсетуге уәде берді. Міне, серіктестіктің түрлі бұйымдар шығаратын өндіріс алаңын аралап келеміз. Үлкен-үлкен алып аппараттар зыр айналып тұр. «Көрмегенге көсеу таң», мына мың сан техникалардың, технологиялардың не шығарып жатқаны бізге беймәлім. Сөйтсек, бұлар теміржол транспортынан бастап, аэрофарыш саласындағы кейбір бөлшектерді де жасайды екен. Бұдан тыс кен байыту мекемелеріне керекті көптеген қосалқы бөлшектер жасап шығарады. Шарикті подшипникті орағыш, сусорғыш бұйымдары, жол-құрылыс техникаларының қосалқы бөлшектері, жоғары қысымды сұйықтық айдайтын шлангалардың біріктіруші бөлшектері, машина бөлшектерінің саңылауын тығындап май өткізбеуге пайдаланатын тетіктің резинамен жалғастырушысы, резервуарлар мен арнайы ыдыстардың жапсырмалары, химиялық процесс нәтижесінде пайда болатын сұйықтықтарды сақтайтын үлкен ыдыстар, гидроциклонды батарейлер, жинауыштарды біріктіретін резиналар, біліктерді бір-бірімен жалғастырушы резиналар, санап тауыса алмайтын қосалқы бөлшектердің кейбірінің, тіпті атауларынан жаңылысасыз. Осы резина өнімдерінен, тіпті аулаішілік жол бойларына қойылатын жасанды кедергілер де жасалады екен. Санап отырсаңыз, «Эластополимет» ЖШС шығаратын бұйымдардың саны елуден асады. Соның ішінде автокөліктердің түтіктерін жалғайтын резиналар да, құбырларды жалғағанда сұйықтық сыртқа лықсып шығып кетпеу үшін қойылатын резиналар да осында шығарылады. Флотомашиналар, електер, гидроциклонды насостар, электр жабдықтары, түрлі сұйықтықтарға арналған үлкен ыдыстар өз қызметтерін мінсіз атқарып тұр. Ал, осынша технологияны терең меңгеру үшін мамандарға өте жоғары біліктілік керек екені даусыз.

Цех ішінде қарбалас жұмыс бар. Мамандар түрлі аппараттар басында жұмыс ырғағын қатаң бақылап тұр. Мұның барлығын біз цехтарды аралап жүріп көрдік. Зауыт жылына 400 тонна резина қоспасын өңдеуге қабілетті. Зауыттың жалпы пайдалану алаңы 2,3 гектар жерді алып жатыр. «Қазақмыс» компаниясымен және Ресей компанияларымен серіктестес кәсіпорын бір-бірімен жиі тәжірибе алмасып отырады. Қажетті шикізатты олар бір-бірлерінен алады. Сондықтан да өндірісте жұмыс ырғағы бәсеңдеген емес.

Бүгінде кәсіпорында 63 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Олардың орташа айлық еңбекақысы былтыр 83371 теңге болса, биыл 91640 теңгеге көтеріліпті. Демек, жұмысшы-мамандардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға мұнда мүмкіндік бар. Өнімдер де өтімді. Жалпы, мұнда сұранысқа сай өтімді өнімдер ғана шығарылады. Олар алыс және жақын мемлекеттерде сұранысқа ие тауарларды алдын ала зерттейді. Содан соң ғана іске кіріседі.

Кейде көзге көріне бермейтін кішкене ғана бір бөлшек не түтік бүкіл зауытты тоқтатып қоюы мүмкін. Міне, біз аралап көрген «Эластополимет» ЖШС осындай елеусіз, бірақ өндіріске де, техникаға да аса қажет қосалқы бөлшектер шығарады. Сондықтан да зауыттың жұмысы жыл он екі ай тоқтап қалған емес.

Атқарушы директорымыз аса сақ жан секілденді. Ол кейбір цехтың қасынан жанап өте шығады. Мойнымызды созып қараймыз. Мына құралды «Оттирочная машина» деп атайды екен. «Конустық инерция үгіткіші», «Щековая дробилка сложного качания» атаулы техникалардың атауын орысша беріп отырғанымыз үшін оқырмандарымыздан кешірім сұраймыз. Олардың нақты атауларын тап басып айтып берер сөздік қолымызға түспеген. Жоғарыдағы кей өнімдерді көргендіктен де атауын және не үшін керектігін айтқан жағдайымыз бар. Атқарушы директордың кей технологиясының құпиясын айтқысы келмегені, бәлкім, өз есебі де бар шығар. Бәсекелестік деген шын мағынасында жақсы ұғым. Бірақ соны орнымен қолдана, пайдалана білу керек. Біреудің бақшасына көз салу жақсылыққа апармайды. Бәсекелестікті адамдар жақсы мағынасында түсініп, жаңғыру жолындағы жасыл көшесі санағанда ғана табыс та, бірлік-ынтымақ та молаяды.

Революциялық бағыттағы өзгерістерді өздерінен бастап, табыстың тасқынын жасай білген кәсіпорын басшыларының жаңа технологияға деген ұмтылыстары да қуантады. Жалпы, қай салада болсын, бүгінде жаңашылдық керек. Өйткені, өркениет көші солай қарай бет алып барады. Кешегі бүгінге өлшем болудан қалғаны қашан. Міне, сондықтан да серіктестік серкелері жаңашылдыққа ұмтылады. Мұны осындағы атауын әлі көпшілік біле бермейтін соны технологиялардың көптігінен аңғардық.

Цех ішінде шашау жатқан зат таппайсыз. Барлығы өз орнында, қыз жүгіндей жинақы. Түрлі детальдар арнайы ыдыстарға салынып, қоймаларға жөнелтілуде. Одан әрі тиісті жерлерге кетеді. Негізінен шетелдерде қай өнімнің болсын сыртқы орамасына, құтысына, жәшігіне баса мән береді. Ұқыптылық дегеннің өзі осы орамадан басталса керек. Сыртқы қаптамасы келіскен тауар үлкен сұранысқа ие. Серіктестік басшылары мұны жақсы білетіндіктерін көрсетті. Құтылар, жәшіктер жұтынып тұр.

Кәсіпорын өткен жылы мемлекет қоржынына 21 миллион 694 мың теңге құйыпты. Соның 16 миллион 49 мың теңгесі республикалық бюджетке түскен. Ал жергілікті бюджетке 5 миллион 645 мың теңге аударылыпты. Салыстырмалы түрде айтсақ, биыл да кәсіпорын осы межеден шықпақ. Қазірдің өзінде олар жергілікті бюджетке 7 миллион 41 мың теңге құйып үлгерген. Ал кәсіпорынның былтырғы таза табысы 9 миллион 445 мың теңгені құраған.

Келер жылдан бастап кәсіпорын басшылар экспорт көлемін бұдан да ұлғайтамыз деп отыр. Бұл үшін өнім сапасына қатты көңіл бөлінбек. Бүгінде ТМД елдерінен бөлек, Еуропа елдерінен де тапсырыс түсе бастаған. Мұның өзі кәсіпорынның өнімдері шетелдерге кеңінен таныс бола бастады деген сөз. Резина-техникалық бұйымдар қашан да жерде жатпайды. Мәселен, автокөліктердің қозғалтқыштарының астына жайлылық үшін резинадан «жастық» қойылатынын бүгінде бәріміз жақсы білеміз. Міне, осы «жастық» жиі ауыстырылмаса көлігіңіз қиранданды, қозғалтқышта діріл пайда болады. Осындайда, көлік жүргізушісі «жастық» іздеп кетеді. Сіздің осы қажеттілігіңізді де өтейтін кентаулық кәсіпорын екен.

Сондай-ақ кәсіпорын басшылары өнімнің өзіндік құнын арзандата отырып, оның сапасын арттыруға баса мән береді. Әрбір тауардың белгіленген уақытқа дейін қызмет атқаруы үлкен мәнге ие. Құрылғылардың, дайын өнімдердің тиімділігін арттырумен қатар электр энергиясын үнемді пайдалану керектігін кәсіпорын мамандары ұмытпайды.

Техникалық көрсеткіштерді жақсарта отырып, концентраттардың сапасын жақсарту, орынсыз шығындарды азайту, еңбек өнімділігін арттыру, ұжым ынтымағын берік сақтау ешқашан назардан тыс қалған емес. Сондай-ақ мұндағы жұмыстың барлығы автоматтандырылған. «РИФ-25», «РИФ-45» аппараттары, өткізгіштер, құрғатқыш аппараттар біздің қызығушылығымызды тудырған. Флотомашина деген құрылғының өзі едәуір жерді алып жатыр. Мұнда електердің алуан түрі бар. Одан өткен шикізаттар келесі агрегатқа автоматты түрде кетіп жатты. Жалпы, мұндағы түрлі електердің өзіндік қызметі бар.

«Эластополимет» ЖШС 2017 жылы 8 айда 72 миллион 134 мың теңгенің өнімін экспорттаған. Биыл да осы межені бағындырмақ. Тапсырыс берушілердің сұраныстары олардың межеден шығатындарына күмән келтірмейді.

Валентин Николаевич бізге біраз жайды түсіндірген соң жұмыс бөлмесіне қайта оралдық. Ендігі мақсат – кәсіпорынның экономикалық ахуалымен танысу болатын. Атқарушы директор бас есепшіні шақырды.

Кәсіпорын 2017 жылдың 8 айында 92 миллион 167 мың теңгенің жалпы өндірістік өнімдерін шығарса, биылғы тиісті мерзімде 92 миллион 908 мың теңгенің өнімін өндірген. Бұл 2017 жылы 40,4 тонна өнім шығарылса, биылғы 8 айда 42,4 тонна өнім шығарылды деген сөз.

Тау-кен саласындағы резина-техникалық бұйымдар шығаратын кәсіпорын ел экономикасына мультипликативті әсер етуді мақсат тұтады. Жобаны іске асырудағы түпкі мақсат – резина-техникалық бұйымдарды көптеп өндіру арқылы кәсіпорындардың сұраныстарын қанағаттандыру. Қазақстан бойынша мұндай зауыт көп емес. Бар болса саусақпен санарлықтай ғана. Ендеше, «Эластополимет» ЖШС-не жүктелер жауапкершілік те мол. Мұны зауыт ұжымы жақсы түсінеді.

Кентау – өндірісті қала. Кезінде кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов атамыз «Кентау-Қаратаудың тәжі» деп текке айтқан жоқ. Сонау бір тоқырау жылдары, рас, осындағы кәсіпорындардың көбісі жұмыстарын тоқтатты. Дайын өнімді өткізетін жер таппады. Қазір, Құдайға шүкір, екінің бірі менеджер, өнімді өткізе де, жеткізе де біледі. Қаратаудың құтты қойнауы байлыққа тұнып жатыр. Кеше де ол талай жанға жұмыс тауып берді. Кентау «Екінші Швейцария» атанып, дүркіреп тұрды. Мұнда сан ұлт өкілдері бір атаның баласындай тату-тәтті ғұмыр кешті. Кемелденген, кеңейген, көріктенген Кентау сол баянды қалпын қайта тапқан. Қала әкімі Әбдібақыт Мақұлбаев Кентаудың көріктене, ажарлана түсуіне үнемі баса назар салып отырады. Бізбен сұхбатында ол бірқатар мәліметтерді алдымызға жайып салды.

2017 жылы Кентау қаласында өнеркәсіп саласы бойынша 16 миллиард 914165 теңгенің өнімі өндірілген. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі 15 миллиард 654795 теңге. Машина жасау саласы 12 миллиард 32 миллион 390 мың теңгенің өніміне қол жеткізген.

Ал,2018 жылдың 8 айында қаладағы өнеркәсіп саласы бойынша 18 миллиард 90 миллион 546 мың теңгенің өнімі шығарылған. Соның ішінде 16 миллиард 700264 теңге өңдеу өнеркәсібінің еншісінде. Машина жасау саласы 13 миллиард 747615 теңгенің өнімін өндірген.

Қалада инвестиция тарту, өнімдерді экспорттау , экономиканы өрге жүзгізу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Тазалығымен, татулығымен танылған қаланы аралап көрдік. Мұнда шағын және орта бизнесті дамытуда да бірқатар жұмыстар жүргізілген. Кентте көптеген жаңа жұмыс орындары ашылыпты. Сауда орындары, дәмханалар, сәнді саябақтар көз тартады. Қала әкімдігінің ғимараты күрделі жөндеуден өткен. Мұның өзі шаһарға жаңа реңк сыйлап тұр. Мұнда келешекте жаңа мәдениет ошақтары, кітапханалар, қонақүйлері салынбақ. Базарлы да ажарлы қалпын қайта тапқан қала қуанышы-ел қуанышы.

Тағы бір қуанарлығы, қалада жұмыссыздық жыл сайын азайып келеді. Бірінен соң бірі іске қосылып жатқан кәсіпорындар жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуда. Қаладағы Кентау политехникалық колледжі осындағы кәсіпорындарға қажетті мамандар даярлап келеді. Бұл жөнінде екіжақты келісімшарттар түзілген. Ұл-қыздары жұмыссыз қалмайтынын білетін ата-аналар қуанышында да шек жоқ.

Кентаудың көкжиегі кеңейе түсеріне сеніммен аттанған біз көрікті кентпен қимай қоштасып, әдемі әсер құшағында бара жаттық. Келіншектей көрікті Кентау қол бұлғап қала берді.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Түркістан облысы

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

ШАРДАРАНЫҢ ШОРТАНЫ ШАРТАРАПҚА ШЫҒАДЫ

Еліміздегі әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері мен ғажайып байлығы болады. Осы тұрғыда «Шағалалы Шардара» атанған шаһар туралы ой түйгенде, ең алғаш аймақтың ақ айдыны мен таудай тулаған балығы еске түседі. Бүгінде Шардара шортандары мен сазанын көксеп сонау алыс шетелдерден келушілер қарасы көбейген. Олар осындағы балықтардың сан түрінен дәм татып, тамсанып кетеді.

Шартарапты Шардара жағажай туризмін дамытуға қолайлы аймақ саналып, бүгінде осы мақсатта көптеген жұмыс басталып та кетті. Туристердің табан тірердегі бір аңсары айдынның ақ сазаны. Біздің бүгінгі қозғағалы отырған әңгімеміз де осы балық шаруашылығының аудандағы даму динамикасы жөнінде болмақ.

Шын мәнінде, Шардара ауданының өнеркәсіп өнімдерінің басым бөлігін балық шаруашылығы құрайды. Қазіргі таңда Шардарада 5 балық өңдеу зауыты жұмыс істеп тұр. Кәсіпорын жұмысшылары жылына 4 миллиард теңгенің балық өнімін өндірсе, соның 3 миллиард теңгесінің тауары шетелге экспортталады. Бұл дегеніңіз кәсіпорындар жылына 4 мың тоннадан астам балық етін өңдейді деген сөз. Соның 3 мың тоннасы шетелге шығарылады. Еліміз бойынша шетелге тауар экспорттаудан Шардара оқ бойы озық тұр. Елімізде балық өнімдері ішкі сұраныста да елеулі орын алады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміз бойынша биыл мұздатылған балық өнімдерінің өндірісі 10 пайыздық, консервіленген балық өнімдері 11 пайыздық өсімге жетіпті. Биылғы жылдың алғашқы бес айында отандық балық өнеркәсібі 12,4 мың тонна балық өндірген. Дайындалған және консервіленген балық пен уылдырық

көлемі 4,8 мың теңгені құрайды. Балық аулау бойынша Шығыс Қазақстан облысы алдыңғы орында тұрғаны белгілі. Консервіленген балық өндіруден Батыс Қазақстан алда келеді. Ал, екінші орынды Түркістан облысы уысында нық ұстап отыр. Осы тұрғыда Шардара ауданында балық саласындағы бизнесті дамытуға қосымша 500 гектар жер бөлінбек.

Түркістан облысында Шардара ауданы балық етін өңдеу саласы бойынша бірінші орында келеді. Үдемелі индустриалды-инновациялық бағдарламасы аясында ауданда бүгінге дейін жалпы сомасы 1 миллиард 482 миллион теңгені құрайтын 5 инвестициялық жоба іске қосылыпты. Соның екеуі балық өндірісімен айналысады.

Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің меңгерушісі Өмірбек Рүстемов осындай мәліметтерді айтқан соң, бізді балық өңдеу кәсіпорындарына бастады.

«Хамит» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі 2009 жылы Шардара су қоймасындағы 3 ірі табиғат пайдаланушы балық аулау кәсіпорындары негізінде құрылған. Шардара теңізінің күн батыс жағына орналасқан үлкен кәсіпорынға біз таңертеңгілік уақытта келдік. Кәсіпорын басшылары бізге ақ халат ұсынды. Мұнда кірсеңіз, өзіңізді алып зауытта жүргендей сезінесіз. Үлкен-үлкен жұмыс бөлмелерінің қай-қайсысында да қызу еңбек. Арнайы жұмыс киімін киген адамдар өз істерімен айналысуда. Жұмыстарына берілгені сондай, сырттан келген кісілермен, тіпті шаруасы да жоқ. Бірі балықтың қабыршығын сылып, екіншісі оны қой етін ірегендей бөлік-бөлікке бөлуде. Енді бірі дайын филені тұздауда. Тағы бірі дайын өнімдерді алып мұздатқыштарға қатар-қатар қойып жатыр.

«Хамит» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің басшысы Бақытжан Серманизовтің айтуынша, мұнда кептірілген, тұздалған балықтар терең өңделеді.

Кәсіпорын қалдықсыз технология бойынша жұмыс істейді. Мұнда тіпті балықтың қылтанағы да сыртқа тасталмайды. Балық сүйегінен ұнтақталған жем дайындау цехтары жұмыс істеп тұр.

2017 жылы кәсіпорында 2500 тонна балық өнімі өндіріліпті. Оның 1500 тоннасы балық филесі мен тұздалған балық. Кәсіпорын өнімі Ресей, Литва, Германия елдеріне экспортқа шығарылған. Қазір мұнда тәулігіне 5 тонна балық өңделеді екен. Дайындалған өнімнің 90 пайызы экспортқа шығарылады.

2016 жылы кәсіпорынға «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 110 миллион теңгеге қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы жүргізілген.

«Хамит» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі жергілікті бюджет қоржының толтыруға да қомақты үлес қосып келеді. Былтыр кәсіпорын жергілікті бюджетке 75 миллион теңге құйыпты.

Индустриялы-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде биыл тағы бір кәсіпорын «Бәйтерек ББМ» ЖШС іске қосылыпты. Жобаның құны 200 миллион теңге. Серіктестік жетекшісі Ақылбек Байқошқаровтың айтуынша, 35 адам жұмыспен қамтылған. Зауыттың өндірістік қуаттылығы жылына 1000 тонна балық өңдеуге қауқарлы. Көксарай су айдыны, Арал, Балқаш көлдері мен Сырдария өзенінен балық ауланып, осында жеткізіледі екен. Демек, Шардара айдының балығы 5 зауытты толық қамтамасыз ете алмайды. Мүмкін, жетіп те қалар ма еді, бірақ айдынның барлық бөлігінің өз қожайындары бар. Соған қарамастан, өндірісін бастап қойған кәсіпорындар алыстан арбаласа да жұмысын жандандыра түсуде. Өйткені, балық өніміне сұраныс жоғары. Сондықтан,

Шардарадағы балық өңдеушілер өндірісті өркендету жағына баса мән береді. Ертеңгі күні жағажай туризмі қатты дамығанда зауыт өнімі туристердің қызығушылығын арттырады деген үміт басым. Мұнда балықтың сазан, көксерке, жайын, ақмарқа, торта, табанбалық сияқты түрлері жеткізіліп, өңделеді. Дайын өнімдер ТМД елдерімен қатар Еуропа мемлекеттеріне экспортталады. Кәсіпорын мұздатылған, кептірілген, тұздалған филе дайындайды. «Бәйтерек ББМ» ЖШС өнімдері жергілікті сауда орындарында да үлкен сұранысқа ие. Тәулігіне 2-3 тонна балық өңдейтін серіктестік жұмысшыларының орташа айлық табысы – 60-70 мың теңге. Серіктестік басшылары экспорттық өнім көлемін 3600 тоннадан 4100 тоннаға, яғни 10-12 пайызға арттыруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ шикізат қорын барынша ұлғайту бағытында балықты қолдан өсіруді де қолға алыпты.

Біз балық өнімін мұздататын цехта болдық. Тоңазытқыштан кәдімгідей тоңып шықтық. Серіктестік басшыларының айтуынша, мұнда тұщы су жетіспейді. Ал, тұзды сумен балықты жууға болмайды. Сонымен қатар, серіктестік ғимаратына дейінгі лайсаң жолды жөндеу кезек күттірмес міндеттердің бірі.

«Шардара Балық-1» ЖШС-де балық өңдеуде едәуір тәжірибе жинақтаған кәсіпорын. Зауыт 2007 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында іске асырылған кәсіпорынның негізгі айналысатын саласы балық аулау, оны өңдеп, сақтау болып табылады. Кәсіпорын былтыр 800 тонна балық етін өңдепті. Негізінен зауыт тәулігіне 3 тонна балық өңдеуге қабілетті. Серіктестік директоры Талғат Рүстемовтың баяндауынша, мұнда 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өнім ТМД елдерімен қатар Түркияға да экспортқа шығарылады.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында кәсіпорында 16 миллион теңгеге қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы жүргізіліпті.

Кәсіпорын жыл сайын жергілікті бюджетке 30 миллион теңге салық төлеп келеді. Біз мұнда да жұмысшылар еңбегімен жан-жақты таныстық. Бірқалыпты еңбек ырғағы бар кәсіпорынның келешегі зор екеніне сеніп аттандық.

Индустрияландыру картасы аясында 2016 жылы іске қосылған Талғат Жалғасбаевтың балық өңдеу зауытында да жылдың қай мерзімінде болсын қызу еңбек. Жобаның құны 200 миллион теңге. Мұнда 40 адам жұмыс істейді. Күніне 3 тонна тұздалған, кептірілген, мұздатылған балық дайындайтын зауыт былтыр 900 тонна дайын өнім өндірген. Өндірілген өнімнің 80 пайызы экспортқа шығарылған. Сапалы өнімді сатып алушылар тұрақты болғандықтан да жұмысшылардың айлық еңбекақысы уақытында төленіп отыр. Сонымен қатар, мұнда жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Жұмысшылар өнімді еңбекке жаппай жұмылдырылған.

2016 жылы іске қосылған «Саодат» ЖШС-і де аз ғана мерзімде мол тәжірибе жинап үлгеріпті. Серіктестік директоры Бақыт Абдуллаеваның айтуынша, мұнда 30 адам жұмыспен қамтылған. Зауыт 2017 жылы 450 тонна балық өнімін өндірген. Өнім ТМД елдеріне экспортталыпты. Мұнда да балық өңдеушілер қарбалас жұмыс үстінде. Арнайы үстел үстінде бір қалыптан шыққандай теңіздің байлығы тізіліп жатыр. Арнайы жұмыс киімін киген балық өңдеушілердің қолдары қолдарына жұқпайды. Бірі балықтың филесін арнайы жәшіктерге салып жатса, енді бірі тұздаумен айналысуда. Қол қусырып жүрген бір жан таппайсыз. Әркім өз жұмысын жақсы біледі. Ал, мына тоңазытқыш бөлмесіне кіру мүмкін емес. Бетті ызғар қариды. Осында жұмыс істеп жүргендерге қайран қаласыз! Морж тектес адамдар суығыңыздан қорықпайды. Бәлкім, бұл нанын жеп отырған жұмысына деген адалдықтан да шығар-ау. Қалай дегенде де сіз балық өңдеу зауытына кіріп

көрініз ші, қайнаған қызу еңбектің куәгері болып сүйсініп шығасыз. Тегі, балықшылардан бірлік, ынтымақ деген қасиетті ұғымдарды бұрынғыдан да тереңірек түйсініп қайтасыз.

Осы тұста айта кетер бір ерекшелік, Шардарадағы балық зауыты мамандарды алыстан іздеп әуре болмайды. Осындағы колледжде келісімшарт негізінде балықшы, балық консервілеуші, тұздаушы, кептіруші, мұздатушы мамандықтары оқытылады. Оны бітіргендер жұмыссыз қалмайды.

Шардара су қоймасының балығы кәсіпорындардың барлығына бірдей жете бермейтіндіктен түйінді шешу үшін шабақты қолдан өсіріп, балықты барынша көбейту керек. Шикізат молайғанда ғана балық шаруашылығы дамиды. Қазір ауданда осы бағыттағы жұмыс жоспарлы жүргізілуде. Яғни, ауданда балық өсірумен айналысатын кәсіпорындар көбеюде. Жеке кәсіпкерлер де осы іспен айналысып жатыр. Бір мысал айталық. «Шардара балық питомнигі» ЖШС 2017 жылы 2 миллион шабақ өсірген. Осы шабақтарды Жамбыл облысына, Түркістан, Сарыағаш, Шымкент қалаларына жөнелтіпті. 30 грамдық шабақ орта есеппен 30 теңгеден сатылады. «Хамит» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде балықтың торлы шабақта өсіру *(садковое выращивание рыб)* түрі бар. Осы торлы шабақта былтыр 133,5 тонна балық өсірілген. Ал, биылғы 7 айда 102 тонна балық өсіріліпті. Балық өсіру жоспарын 2021 жылға дейін 180 тоннаға жеткізу

көзделуде. Тағы бір айта кетерлігі, «Сүлеш ата» шаруа қожалығында 2017 жылы 14 гектар жер учаскесінен 63,5 тонна балық өңдіріліпті. Ал, 2018 жылы оның көлемін 65 тоннаға жеткізу көзделуде. Сондай-ақ Ұзын ата ауылдық округінде жеке кәсіпкер Қайрат Сәмбетов иелігіндегі 30 гектар жер учаскесінде балықты қолдан өсіріп, 60 тоннадан астам өнім алу жоспарлануда.

Сапар барысында аудан әкімі Болатбек Қыстауовпен арнайы сұхбаттасудың орайы келді. Ол өз әңгімесінде Ұзын ата ауылында болып, балық өсіретін кәсіпкерлермен арнайы кездескенін айтып берді. Қайрат Сәмбетов пен Әлібек Күмісов өздері иеленіп отырған тоғандарда бірі 60 мың, екіншісі 30 мың шабақ өсіріп отыр. Бүгінгі шабақ-ертеңгі шортан. Ендеше, шабақ өсіру де табыс көзі. Осы сапарда Нұрболат Серманизовтің тың бастамасына риза болған жағдайымыз бар. Ол шағын жылыжай ішінен бассейн жасап, Африка жайынын өсіріп отыр. Бұл балық тұқымы кәдімгі жайын мен жыланбасты будандастыру арқылы пайда болған. Африка жайыны кез келген ортаға бейім, тағам талғамайды. Демек, өсіп, өнуі де жылдам. Жыл басында кәсіпкер Өзбекстаннан 10 мың шабақ әкелген екен. Тәжірибе түрінде бастаған шаруасының оң жамбасқа келетін орайы бар. Өйткені, қазірдің өзінде әр шабақ 600-700 грамм салмақ тартады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен шабақ өсіретін питомнигтер ауданда балық шаруашылығының барынша қарқын алатынының даусыз куәсі. Мамандар бізге мынадай есеп ұстатты. Балық шаруашылығы саласымен айналысатын кәсіпорындардың көбеюі нәтижесінде ауданда жаңадан 180 жұмыс орыны ашылады. Ауданның тамақ өнеркәсібіндегі балық өнімдерінің көлемі 4 миллиард теңгеден 6 миллиард теңгеге ұлғаяды.

Балық зауыттарын аралап болып, қайтып келген соң кәсіпкерлік бөлімінің меңгерушісі Өмірбек Рүстемовтің жұмыс бөлмесіне аялдадық. Ол бізге 7 айда жалпы өнеркәсіптік өнім көлемі 4 миллиард 629 миллион теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда *(былтыр 3 миллиард 741 миллион теңге)* нақты индекс көлемі 105 пайызға артқанын айтып берді. Соның ішінде 2017 жылы 1 миллиард 38 миллион теңгенің өнімі өңделсе, биыл оның көлемі 2 миллиард 30 миллион теңгеге жетіпті. Былтыр 939 миллион теңгенің тамақ өнімдері өндірілсе, биыл оның көлемі 1 миллиард 916 миллион теңгеге жеткен. Әрине, бұны біз саладағы соны өзгерістер сапына баладық. Эволюциялық жолмен жүзеге аса бастаған революциялық өзгерістер Шардараға шалқар табыс сыйлауда.

Шардара су қоймасы стратегиялық аса маңызды нысан. Ол Сырдария суын бірқалыпты ұстап тұрады. Шаруаларға қажет су қорын талапқа сәйкес арнаға тастайды. Осылайша, мақташылардың су мәселесін оңтайлы шешіп отырады. Сонымен қатар, қойманың тағы бір ерекшелігі – мұнда су электр стансасы жұмыс істейді. Бірнеше ауданды сапалы электр қуатымен қамтамасыз ететін стансаның тиімділігі орасан зор.

Шағалалы Шардараның даңқын ендігі жерде жағажай туризмі де асқақтатпақ. Саланы дамыту үшін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылуда. Үкіметтің қаулысымен бұрын орман қорында болған 255 гектар жер аудандық коммуналдық меншікке берілді. Бүгінде осы жерге инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, бітуге тақау тұр. Ертең теңіз жағалауында 60 нысан бой көтереді. Оның 30-ы туристер талғамына толық жауап бере алатын соны үлгідегі қонақүйлер болмақ. Жағажайдан жаңа нысан саламын деушілер күннен-күнге көбейіп келеді. Қазірдің өзінде жағажайда екі демалыс аймағы жұмыс істеп тұр. Шардараның шалқыған теңізінде бүгінге дейін Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан азаматтары тынығып қайтқан. Аудан әкімі Болатбек Қыстауов келер жылдан бастап инвесторларға жер учаскелері беріле бастайтынын жеткізді. Аудан орталығында кезінде шағын аэродром жұмыс істеген. Ол бүгінде аудандық коммуналдық бөлімінің меншігінде. Аудан әкімшілігі «СКАТ» әуе компаниясымен келісімшарт түзіп қойған. Егер келушілер саны 150 мың адамға жетсе, әуежай аспанында қанатты қатынас құралы самғай бастамақ. Бұдан да тереңдесек, ауданның тарихи, табиғи жерлері туризм саласын дамытуға дайын экспонат болғалы тұр. Айтпақшы, Шардараның шырын қауын-қарбызына қызықпайтындар бүгінде кемде-кем. Ендеше, балығы таудай тулаған, айдынында шағаласы шулаған Шардара ауданы шартарапқа шортанымен де, көркем жағажайымен де, тәтті қауынымен де кеңінен танымал болатынына сеніміміз кәміл.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Шардара ауданы
Түркістан облысы

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
9

АВТОМАТТЫ ДИІРМЕН: ӨНІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

«Цифрлық дәуірге» көшуге негізделген биылғы Жолдауында мемлекет басшысы «Кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу керек» деген ой тастады. Сонымен қатар, онда жүргізушісі жоқ техника адами факторды азайтып, өнімнің өзіндік құнын айтарлықтай төмендететіні де айтылған.

Бүгінде Түркістан облысында ақылды технологиялармен жұмыс істейтін кәсіпорындар қатары артып келеді. Соның бірі – «Ордабасы нан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Тәулігіне 450 тонна бидай өңдейтін Бадам ауылындағы диірменнің негізі 2008 жылы қаланған. Түріктің Genq Degirmen компаниясының озық технологиясын өндірімізге алып келген алғашқы кәсіпорын саналатын бұл серіктестік 2015 жылы өнім қуаттылығын ұлғайту үшін қосымша автоматтандырылған диірмен орнатты. Бүгінде тәулігіне 250 тонна бидай өңдейтін автоматтандырылған диірменді бар-жоғы екі-ақ адам басқарады. Олардың жұмысы – тетікті басып, құрылғыны бақылап отыру.

Кәсіпорынның өндірістік директоры Бақыт Сапарымбетов «Автоматтандырылған диірменнің ерекшелігі сол, мұнда қанша бидай бар, олардың сұрпы қандай, тіпті кебегі қанша екендігіне дейін барлығы автоматты түрде көрсетіліп тұрады. 14 бөліктен тұратын құрылғының бірінен ақау табылса немесе бірнешеуі істен шықса да диірмен жұмысын тоқтатпайды. Шикізат құрғақ болып бара жатса, ылғалдылығын автоматты түрде өзі реттейді. Ал негізінен бидайдың ылғалдылығы 16 пайыз болуы тиіс. Егер 12 пайызды көрсетіп тұрса, компьютерге 16 пайызды жазсаңыз, ылғалдылық жоғарылайды. Сонымен бірге, диірмен интернетке қосылған. Басшылық Астанада отырып қанша бидай өңделіп жатқанын пайыз бойынша бақылап отырады. Осының арқасында жұмыс күші екі есеге азайды», – дейді.

Бұдан бөлек, екі адам бидай түсірсе, екеуі ұн қаптайды. Міне, бір тәулікте 250 тонна бидайды өңдеп отырған осы 6 жұмыскер. Негізінен бұл диірменде 24 адам үш ауысымда жұмыс істейді. Ал ескі диірменде тәулігіне 200 тонна бидайды 32 адам өңдейді. Тәулігіне 450 тонна бидай тартылып, одан 340 тонна ұн шығарып отырған «Ордабасы нан» ЖШС-нің өнімдері жергілікті сұранысты толық қамтамасыз етіп отыр. Одан бөлек, өнімнің 85 пайызы Өзбекстан мен Ауғанстанға экспортталады.

Өндірістік директордың айтуынша, шикізатқа Оңтүстіктің бидайы жарамсыз. Сондықтан сапалы бидай Қостанай, Ақмола облыстарынан тасымалданады. Б.Сапарымбетов «Қазір бәсекелестік жоғары. Сондықтан тауардың сапасына баса назар аударылады. Ұнның атауы сорты төмен бидайға байланысты. Ең жоғары сапалы бидайдан жасалған ұн «Ордабасы ұн», одан кейінгісі «Бадам ұны», ал одан төмендеуі «Дархан» деген атаумен өндіріледі. Әрине, сапасына қарай бағасы да түрліше болады. Тұтынушылар оларды қалтасына қарап сатып алады» дейді. Бүгінде Шымкенттегі ең үлкен кондитерлік цехтің бірі – «Ладушки» тәттілері «Ордабасы ұн» өнімінен дайындалады.

15 жылдан бері түркиялық Genq Degirmen компаниясының осы жақтағы сенімді өкіліне айналған ағайынды Сапарымбетовтер еліміздегі бірқатар ұн зауытына аталған компания өндіретін диірменді алып беруге көмектескен. Ол «Түркиядағы танымал фирма болып табылатын бұл компания қандай да бір жаңа қондырғы шығарса, алдымен бізге әкеліп, құрып береді. Түркиялық мамандар 7-8 ай бойы осында қалып, жұмысшыларға үйретеді. Қондырғы бұзылса, Түркиядан келіп, жөндеп кетеді. Жуырда бидайдың тасын алып, жуып беретін қондырғы әкелді» дейді. Мұнда бидайдың сапасы мен санитарлық талаптарын бақылап отыратын арнайы аккредиттелген зертхана да бар. Ағайынды Сапарымбетовтер енді макарон цехын ашуды жоспарлап отыр.

ҚҰС ЕТІНЕ СҰРАНЫС МОЛ

Түркістан облысы Ордабасы ауданындағы «Бадам» индустриалды аймағында орналасқан «Ордабасы құс» фабрикасы 2010 жылдың аяғында Елбасының телекөпір арқылы қатысуымен іске қосылған. Кәсіпорын еліміздің агроөнеркәсіп саласындағы күркетауық етінің өндірісі бойынша алғашқы жоба. «Ордабасы құс» ЖШС Ұлыбританияның Оксфорд қаласында еуропалық сапа сертификатын, Париж қаласында тәуелсіз қоғамдық сапа жөніндегі бірлестіктің алтын медалін алған.

Күркетауық өсіру, сою және етін қайта өңдеу бойынша еліміздегі алғашқы құс фабрикасы болып табылатын кәсіпорынның қуаты бастапқы кезде жылына 5 мың тонна өнім болған. Кешенді нығайтудың екінші кезеңін жүзеге асыру барысында күркетауық етін өндіру көлемін тағы 8110 тоннаға арттыруға мүмкіндік алды.

Құс фабрикасы өндірістік негізде күркетауық өсіру және етін қайта өңдеу бойынша барлық халықаралық талаптарға сай. Отандық тауар тек өз елімізде ғана емес, сонымен қатар шетелде де сұранысқа ие. «Ордабасы құс» ЖШС бас директоры Мұрат Тағаев «Еліміздегі күркетауық еті Ресей нарығында үлкен сұранысқа ие», – дейді. Мұндағы «Дәмді ет» маркасымен шығарылатын 100-ден аса шұжық өнімдері Челябинск, Новосібір нарығында да өтімді. «Ордабасы құс» ЖШС дайын өнімдерінің 20 пайызын Ресейге экспорттайды. «Халал» талаптарына және экологиялық таза өнім кеден одағы арқасында барлық құжаттармен қамтамасыз етілген көліктер шекарадан кедергісіз өтіп, сауда орындарына тікелей жеткізіліп тұрады.

«Ордабасы құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндіретін күркетауық етінен жасалған «Дәмді ет» фирмалық тауарлары бүгінде шетелдің кез келген өнімімен бәсекелесе алатыны баршаға белгілі.

Күркетауық етінен 40-қа жуық өнім шығаратын бұл компанияның сою бөлімінің өзінде 180, ал жіліктеу бөлімінде 30 адам жұмыспен қамтылған. Күніне орта есеппен 30 тоннадай ет дайындалады. Кәсіпорын өз өнімдерінің ассортиментін үнемі жаңартып, кеңейтіп отырады. Тіпті мереке күндері қарсаңында ас мәзіріне жаңа өнім шығаруды әдетке айналдырған. «Ордабасы құс» ЖШС сою бөлімінің басшысы Бахтияр Жұмаханов қыз-келіншектер мерекесі қарсаңында жұмысбасты аруларға арнап жедел дайындалатын тағам түрін сатылымға шығарса, Наурыз мерекесінде ұлттық тағамымызға арналған жиынтық дайындады. «Оңтүстік», «Ордабасы», «Приморские» деп аталатын үш түрлі жиынтықтың бірінде күркетауықтың сан еті мен жамбас бөлігі және жылқының ішегіне салынған қазы болса, екіншісіне шұжық араластырылады. Енді бірі сүрленген еттерден дайындалады.

Бөлім басшысы соңғы кездері мұндағы өнім атауларының барлығы қазақшаланғанын, әсіресе жергілікті жерге басымдық беріліп жатқанын айтады. Олардың қатарында «Қайнар», «Бадам», «Саяхат» деген атау бар. Кәсіпорын тұтынушыларға өнімді шикізат күйінде емес, барынша сапалы етіп, терең өңдеуге күш салады.

Мұнда жұмыс істеп жүрген жұмысшылардың басым бөлігі – ауыл тұрғындары. Олар кәсіпорынға арнайы көлікпен жеткізіледі. Арнайы киіммен, түскі тамақпен қамтылған.

Кәсіпорын басшысы шұжық өнімдерінен бөлек, құс етін өндіру бойынша да өз ойымен бөлісті. Серіктестік директоры Мұрат Тағаев «Құс етін өндіру кешені биологиялық қауіпсіздік, технология және ветеринария жағынан барлық халықаралық стандарттарға сай. Жоғары технологиялы жабдықтар Бельгия, АҚШ, Израиль, Испания, Дания және Белоруссия, Ресей мен Қытай сынды әлемдік өндірушілерден сатып алынды», – деп атап өтті. Сондай-ақ мұнда өндірістік цикл толық қамтылған. Инкубатор да бар, құс та өсіріледі. Толыққанды құрама жем өндіретін, құс соятын, етті терең өңдейтін, сойыс қалдықтарын өңдейтін өндіріс жолға қойылған. Кәсіпорын құрылғалы көптеген сапа сертификаттары мен дипломдарды иеленді.

ТАБИҒИ ӨНІМНЕН БАС ТАРТПАЙДЫ

Түркістан облысына қарасты Ордабасы ауданындағы «Бадам» индустриалдық аймағында ең соңғы заманауи қондырғылармен жабдықталған «Бөрте-Милка» кешенді сүт фермасы бар. «Бөрте-Милка» – шведтің DeLaval компаниясының ең заманауи технологиясын толығымен пайдаланып отырған, әрі өңірдегі жалғыз роботтандырылған сүт-тауарлы ферма болып саналады. Мұнда Голландиядан әкелінген сүтті бағыттағы сиырларға барлық жағдай жасалған. Жұмыстың бәрін роботтар атқарады. DeLaval компаниясының қызметкерлері барлық қондырғыны өздері орнатып беріпті.

Заманауи ферма жыл басында 50 тонна сүт өңдеуге қауқарлы ірі зауытты іске қосты. Әзірге өздерінен шығатын он тонна сүтпен қоса, ауыл-аймақтағы кооперация ретінде ашылатын сүт жинау бекеттерінен шикізат тасып отыр.

Отандық нарықта «Бөрте-Милка» өнімдерінің пайда болғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Бірақ соның өзінде бұл компанияның айран-сүт өнімдері талай тұтынушының көңілінен шықты. «Бөрте-Милка» тауар белгісімен шығарылатын барлық өнімдерді шын мәнісінде, оңтүстіктің атын әйгілейтін нағыз өнім деуге болады. Оның айран-сүтінің, сүзбе, қаймақтарының, йогурттарының бір артықшылығы – сақталу мерзімінің аздығында. Тамақ өнімдері неғұрлым аз сақталса, оның денсаулыққа пайдасы зор болатыны белгілі. Сонымен бірге мұндай тағамдар табиғи саналады. Өйткені оның құрамында тағамды бұзбай сақтап тұратын түрлі тағамдық қоспалар – консерванттар болмайды.

– Мен жұмыс сапарымен шетелдерге көп барамын. Әсіресе, Еуропа елдеріне жолым көп түседі. Сонда байқағаным, еуропалықтар табиғи өнімдерді тұтынғанды жақсы көреді екен. Тұтынушылардың талғамына қарай, жергілікті компаниялар да аз күн сақталатын табиғи азық-түлік өнімдерін шығарады. Еуропада тіпті жарамдылық мерзімі бар-жоғы бір-ақ күнді құрайтын азық-түліктер бар. Міне, өз денсаулығын, болашақ ұрпағын ойлайтын халық осылай әрекет етеді. Біз де солардан қалмауға тырысуымыз керек. Ұлттың денсаулығы бізде бірінші кезекте тұруы тиіс. Ол үшін күнделікті тұтынатын тағамдарымыздың сапасын жақсартып, неғұрлым табиғи өнім шығаруға ұмтылуымыз қажет. Сондықтан да мен алдыма халықтың денсаулығын құртпайтын тек қана табиғи өнім шығарамын деген үлкен мақсат қойдым. Белгілі бір дәрежеде экономикалық шығын шексем де, алған бетімнен еш қайтпаймын. Өйткені өнімдер аз күн сақталатын болғандықтан, кейде дүкендерде өтпей қалып, өзімізге кері қайтарылады. Бастапқыда қайтқан тауар көп болатын. Қазір бірте-бірте сұранысқа ие болып, өтімділігі жақсара бастады. Себебі, халық табиғи өнімнің денсаулыққа пайдалы екенін түсінеді. Оның үстіне бағасы да көңілге қонымды, — дейді компания басшысы Нұралы Әбіш.

Жасыратыны жоқ, бүгінде дүкен сөрелерінде толып тұрған айран-сүт өнімдерінің көпшілігі құрғақ сүттен жасалады. Ол ұнтақ бізге көп жағдайда шетелден әкелінеді. Ал оның сапасының қандай екендігін ешкім де ажыратып бере алмайды. Еуропада асыл тұқымды сиыр көп. Ол жақтың фермерлері өндіретін сүт өздеріне жетіп-артылады. Сондықтан артығын олар ұнтақ етіп, біз секілді елдерге сатады. Бұл тізбекті үзу үшін бізге «Бөрте-Милкадай» табиғи азық-түлік өнімдерін көптеп шығару қажет. Түркістан облысының тұрғындарын жүз пайыз табиғи айран-сүт өнімдерімен қамтамасыз ету үшін әлі дәл осы «Бөрте-Милка» секілді 10 зауыт қажет екен. Әзірге «Бөрте-Милка» халықтың экологиялық таза өнімге деген сұранысының небәрі 10 пайызын қамтамасыз етіп отыр.

Айта кетейік, «Бөрте-Милканың» айран-сүті кемі бір аптаға, сүзбесі 5 күнге, йогурт, қаймағы 15 күнге ғана сақтауға жарамды. Қазір құтыдағы ағарғандар 6 ай бойы дүкен сөресінен түспей тұрады. Оның себебі, мұндай өнімдер ультрапастерлендіру процесінен өткізіледі. Ал ондай жағдайда өнімнің құрамындағы адам ағзазына пайдалы барлық бактериялар өліп қалады. Жарамдылық мерзімі аз күнді құрайтын айран-сүтте, керісінше, адамның иммунитетін күшейтетін пайдалы элементтер сол күйінше сақталады. Осы ретте «Бөрте-Милка» кәсіпорнының ұтатын жері де оның табиғилығында болып тұр. Сондықтан да ол «Оңтүстіктің нағыз өнімі» деген атаққа әбден лайық.

Айтпақшы, компания сүтті өзі өндіреді. Орталық Азияда теңдесі жоқ роботтандырылған сауын фермасы шикізатқа деген бүкіл сұранысты жауып отыр. Қазіргі таңда осы кешенде 700 асыл тұқымды Голштинфриз сауын сиыры бар. 700 ірі қараның 300-і сауылады. Бүгінде экологиялық таза өнімді көршілес Қызылорда, Жамбыл облысының тұрғындары да пайдаланып отыр. Мұндағы сиырдың әрқайсысы тәулігіне 35 литрден сүт береді. Барлық жұмысты дерлік роботтар атқарады, яғни автоматты құрылғылар сиырды тазалап, сауады және тұратын орнын да тазартады. Жемделетін сиырларды салқындату жүйесі, метеостанциясы бар желдеткіш жүйесі, күндізгідей жарық жүйесі, сиырдың тойғанын анықтау камералары орнатылған.

Инвестиция көлемі 2,4 млрд теңгені құрайтын сүт өңдеу зауыты кооперацияға біріккен шаруаларға да тиімді болып тұр. Арыс, Шардара, Ордабасы аудандарының шаруалары кооперативтің сүтін осында әкеліп, өткізіп жатыр. Әкелген сүт өңделіп, нарыққа жол тартады. Негізінен Түркістан, Қызылорда Жамбыл облысының тұрғындарына сатылады.

Бетті дайындаған
Нұргүл САЙЛАУ,
Түркістан облысы

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында қазақтың рухани танымын тереңдететін бірқатар тақырыптар қамтылған. Соның бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Онда Елбасы тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау керектігін ерекше атап өткен болатын. Сондай-ақ, «Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет» – деп атап өтті. Осы мақсатпен «Ұлттық аударма бюросы» құрылып, бүгінде жобаның бірінші кезеңін аяқтап үлгерді. Біз осындай іргелі жұмысты қолына алған «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлына «100 жаңа оқулық» жобасына қатысты бірнеше сұрақ қойдық.

Рауан КЕНЖЕХАНҰЛЫ,
«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры:

ТАҢДАУЛЫ ОҚУЛЫҚТАР ҒАНА АУДАРЫЛАДЫ

Jas qazaq: Рауан Кенжеханұлы, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының бірінші кезеңін аяқтадыңыздар. Алғашқы кезеңде аударылған 18 оқулыққа тоқталып, қорытынды жасап өтсеңіз...

Р.Кенжеханұлы: Өздеріңізге белгілі, мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Биыл аударманың екінші легі – 30 кітапты аударып, баспаға әзірлеудеміз. Жыл басында Ұлттық аударма бюросы философия, әлеуметтану, психология, экономика, менеджмент, дінтану, лингвистика, мәдениеттану, антропология, журналистика салалары бойынша әлем тілдеріндегі 18 оқулықты аударып, көпшілікке таныстырған болатын. Әр оқулықтың 10 мың данасы ЖОО-ға тегін таратылып, студенттер дүниедегі ең жақсы деген оқулық үлгілерін оқуға мүмкіндік алды. Жаңа оқу жылынан бастап бұл оқулықтар оқу бағдарламасына кірді. Дәстүрлі қағаз кітап форматынан бөлек, көпшілікке қолжетімді болу үшін оқулықтардың электронды нұсқасы әзірленіп, ол Қазақстанның ашық университеті – OpenU.kz платформасына жүктелді. Әлемде онлайн білім алу жүйесінің қарқынды дамып келе жатқанын білесіздер. «100 жаңа оқулық» жобасы оқу құралдарын қазақ тіліне аударумен ғана шектелмейді. Қазақ тіліне аударылған және қазір аударылып жатқан кітаптар негізінде студенттердің өз бетінше оқуға септігін тигізетін мультимедиалық лекциялар топтамасы әзірленді. Әр пән бойынша 25 дәрістен тұратын жалпы саны 47 курсты дайындауға тәжірибелі оқытушылар, белгілі ғалымдар атсалысты. Видеолекциялармен бірге студенттің осы курста алған білімін пысықтауға арналған конспектілер мен тест сұрақтары да бар. Дәріс қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Бұл видеолекциялар жақын арада Қазақстанның ашық университеті – OpenU.kz *(https://openu.kz)* платформасы арқылы еркін таралады.

Jas qazaq: Жобаның екінші кезеңінде аударылып жатқан 30 кітаптың жаңалығы неде? Қай салаға басымдық берілді?

Р.Кенжеханұлы: Алдыңғы лекте аударылған оқулықтар қатарына биыл педагогика, әдебиет теориясы, мәдениеттану, маркетинг, стратегиялық менеджмент, технологиялық инновациялардың стратегиялық менеджменті, адам ресурстарын басқару, халықаралық бизнес, әлемдік нарықтағы бәсеке мен халықаралық бизнестің құқықтық ортасын талдап түсіндіретін оқулықтар қосылды. Соның ішінде, экономика және кәсіпкерлік бағытындағы оқу құралдары экономиканы қазақ тілінде оқыту ісін дамытуға оң ықпал етуі тиіс. Өйткені жоба басталған сәтте еліміздегі бизнес мектептер және экономикалық бағытта сабақ беретін факультеттер осы пәндерді қазақ тілінде оқытуға қажетті оқу құралдарының жетіспеушілігін айтқан болатын. Әлемге кеңінен танымал MBA бағдарламасын қазақ тілінде оқығысы келетін жастар саны күн санап артып келеді. Сондықтан, дәл осы бағыттағы таңдаулы оқу құралдарын аудару, оны еліміздегі MBA бағдарламасымен білім беретін ЖОО-ның кітап қорына тапсыру маңызды әрі кезек күттірмейтін шаруа деп білеміз. Сонымен қатар, педагогика бағытындағы оқулықтар да аударылуда. Соңғы жылдары елімізде білім мазмұнын жаңарту жүріп жатыр. Бұл ретте мұғалімдерді даярлау факультеттері және педагогика кафедралары әлемнің осы саладағы жаңалықтарымен, соңғы шыққан оқу құралдарымен танысып отыруы тиіс. Сондықтан Кембридж, Оксфорд секілді ғылым ордаларынан шыққан педагогика бағытындағы «Оқыту теориясы» және «Цифрлық дәуір педагогикасы: XXI ғасырдағы білім беру» атты туындыларын алдық. Әдебиет теориясына қатысты зерттеулер жинақталған бірқатар кітаптарды аудару жүріп жатыр. Дүниежүзі әдебиетті қалай зерттейді, өзара салыстыруы қалай жүретінін түсіну үшін «Әдебиет теориясына кіріспе» және «Әдебиет теориясы антологиясы» дейтін кітаптар баспаға әзірленуде. Тарих саласы да назардан тыс қалған жоқ. Росс Данн мен Лаура Митчеллдің «Panorama: Дүниежүзі тарихы» әлем тарихына біз үшін тың көзқарас беріп, әлем тарихын жаңаша қорытуға жол ашады. Өнер тарихына байланысты Эрнст Гомбрихтың «Өнер тарихы» кітабы бар. Бұл оқу құралы алғаш рет 1959 жылы жарық көріп, 16 рет қайта басылған. 8 миллион тиражбен таралған туынды тек өнертанушылар үшін ғана емес, жалпы қалың оқырман үшін де қызықты болады деп ойлаймыз. Шығыстану бағытында «ориентализмнің» негізін салушы, атақты ғалым Эдуард Саидтың «Ориентализм» деген туындысы да оқырманға пайдалы болады деп сенеміз. Халықаралық құқық бағытында да биыл бірқатар оқу құралын қазақшалауды қолға алдық. Соның бірі – атақты құқықтанушы Малкольм Шоудың International Law дейтін туындысы. Дипломатия саласын жан-жақты талдайтын Роберт Трагердің «Дипломатия: коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері» атты кітабы даярланып жатыр. Мұнда дипломатияны математикалық формулалардың көмегімен түсіндіретін қызықты тәсілдер бар. Бүгінгідей онлайн қарым-қатынас мәселелері қызу талқыланып жатқан уақытта Патрисия Уоллейстің «Интернет психологиясы» атты туындысы да көпшілікке қызықты болар деп ойлаймыз. Бұл – жастарды өзіне жіпсіз байлап, назарын жаулап алған интернет технологиялардың артында тұрған психологиялық құбылыстарға арналған оқулық. Тіл біліміне қатысты Стивен Пинкердің «Тіл – инстинкт» кітабын алдық. Ол да мамандарға жақсы таныс, бірақ қазақ тіліне аударылмаған кітап. Кітаптардың толық тізімі жобаның сайтында бар.

Jas qazaq: Осындай жауапкершілігі мол жұмысқа аудармашылар мен редакторлар қалай таңдалады? Ғылыми аударманың өзіндік ерекшелігі бар, білім мен білік керек дегендей...

Р.Кенжеханұлы: Иә, дұрыс айтасыз. Ғылыми аударма – өзіндік ерекшеліктері көп, күрделі шаруа. Сондықтан ғылыми аударма ісі жолға қойылған елдердің тәжірибесін жан-жақты зерттеп, оның озық тұстарын алуға тырысамыз. Соның негізінде жұмысымызға қажетті аударма ережелері мен қағидаларын дайындадық. Оларды ұдайы талқылап, жаңартып отырамыз. «100 жаңа оқулық» жобасының қоғамға берері аударылған кітаптардың өзі ғана емес, сонымен бірге күшейген, әлеуеті артқан аударма ісі, аударма мектебі болу керек деп ойлаймыз. Ал мықты аударма мектебі дегеніміз – ең әуелі мықты мамандардан құралған аудармашылар ортасы болса керек. Аудармашы мәтіндегі ғылыми негізді, дәлдікті сақтай отырып, аударма тілінің жатық, ұғынықты болуын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін аудармашының екі тілді жетік игеруімен қатар, сол салада терең білімінің болуы аса маңызды. Сондықтан жобаға білікті аудармашылар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғылыми редакция жасауға еліміздің белгілі ғалымдары, әдеби редакцияға танымал қаламгерлер, білікті редакторлар мен баспагерлерді тарттық. Қазір бұл жұмысқа жалпы саны 300-ге жуық маман қатысады. Біздің жұмыста пәнді жақсы білетін ғалым-оқытушы мен аудармашы және мәтінді қазақша сауатты жеткізетін редактор бірлесе жұмыс істейді. Жұмыс тобының қатарында ЖОО ұстаздары көп. Себебі аудиторияда қолданылатын оқулықтар болғандықтан осы кітаптармен жұмыс істейтін мамандардың араласқаны, жұмыстың ортасында болғаны дұрыс деп шештік.

Jas qazaq: Оқулықты аудару барысында автордың ойына қаншалықты өзгеріс жасалады? Аудару барысында басты назарға алатын мәселе қандай? Ғылыми ұғымдар, терминдер қалай қазақшаланады?

Р.Кенжеханұлы: Оқулық авторларымен жасалған авторлық шартқа сәйкес, кітап мазмұнын өзгертуге, бұрмалауға болмайды. Ғылыми аударма дәлдік пен бейтараптық өте маңызды. Терминдерге келсек, ғылым салаларының қай-қайсысынан алсақ та, терминдерді әлі де көптеп аудару керек және ғалымдардың тікелей қатысуымен жаңа ұғымдарды тілге ыңғайлап, айналымға енгізуге тырысып жатырмыз. Экономика, менеджмент секілді салалардағы терминдерді жаппай қазақшалауға ұмтылмадық. Өйткені бұлар – бүгінде күнделікті өмірде де, оқу-ағарту ісінде де негізінен қаз-қалпында қолданылып жүрген сөздер. Оның көпшілігі талапқа еніп кетті. Әйтседе, әр ұғым, әр сөзді жан-жақты талқылау, талдау арқылы оқырманға түсінікті етіп ұсынуға тырысып жатырмыз. Қолдағы бар көп салалық сөздіктер ғылыми ұғымдарды қолдану ерекшеліктерін ескермей құрастырылған. Ойланбай, тартынбай, сөздіктегідей ала беруге келмейді. Ол сөздер ғылыми мәтінде, сөйлемнің ішінде кездескен кезде өз қызметін қалай атқарады дегенге көңіл бөлінбеген секілді. Кейбір терминдерге қатысты ғылыми редактор мен әдеби редактордың пікірі қайшы болып жатады. Бірі – мәтін ғылыми дәлдіктен ажырамауы тиіс десе, енді біреуі – қарапайым адам оқи алатындай, қазақы ұғымға сай аударып берейік дейді. Әрқайсының уәжі өзінше дұрыс. Арасынан жол тауып, тепе-теңдік іздеуге тура келеді. Осылайша ортақ шешімге келуге тырысамыз.

Jas qazaq: Бұл оқулықтардың басты оқырманы – оқытушылар мен студенттер. Олардың пікірлері қандай? Кері байланысқа қаншалықты мән беріледі?

Р.Кенжеханұлы: Жоғары оқу орындарының мамандары жаңа кітаптармен танысып, оларды биылғы оқу жылының бағдарламасына енгізуге арналған жоспарларын дайындады. Бұл жұмыс жаз бойы жүрді. Оқулық мазмұны, ондағы жаңалықтар, әдістемелік нұсқаулықтар мен кеңестерді пайдалану, соған орай туатын жаңа мүмкіндіктер, өзге де өзгерістерге байланысты университетаралық, университетішілік кездесулер барлық оқу орындарында өтті. Біз сол кездесулерге қатысып, талқының ортасында болуға тырыстық. Өйткені бізге оқулықты пайдаланатын ортаның, әрбір оқырманның, әсіресе, академиялық ортаның пікірін білу маңызды. Университеттердегі мұндай талқылаулар әлі де жалғасып жатыр. Мамандар бір ауыздан бұл жоба еліміздегі гуманитарлық білімді жаңа деңгейге көтеретінін айтуда. Ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде аударылған оқулықтарға қатысты кітаптардың ғылыми мазмұны мен аударма тілі туралы сын, қазақша нұсқасы туралы ой-пікірлері жарияланды. Біз оларды мұқият қарап, қажетінше жауап беріп, келген ұсыныс тілектерді қабылдап жатырмыз.

Jas qazaq: Ал оқулықтарды таңдауда қоғамдық пікір, ұсыныс қаншалықты ескеріледі?

Р.Кенжеханұлы: Алғашқы кітаптарды таңдау алдында жоғары оқу орындарына хабарласып, аударылуы қажет деген оқулық атауларын ұсынуын сұрадық. Бұл кітаптардың басты оқырмандары – студенттер мен университет оқытушылары болғандықтан, олардың таңдауына сүйенуіміз қажет қой. Еліміздің оқу орындарынан жалпы саны 800-ден аса оқулыққа ұсыныс келіп түсті. Аударылатын кітапқа қойылатын талаптар мен оларды іріктеу жүйесі жұмыс тобында егжей-тегжей талқыланды. Кеңесе келе, әлемдегі үздік 100 университеттің оқу бағдарламасына енген, кемінде үш кезек басылым көрген, соңғы басылымы өткен үш жылда шыққан, яғни ескірмеген оқу құралдарын таңдап алдық. Бұл критерийлер оқулыққа деген сұраныстың жоғары екендігін, оның мазмұн тұрғысынан өзектілігін растайды. Қысқасы, таңдаулы оқулықтар ғана аударылады. Кез келген адам осы талаптарды ескере отырып, қазақ тіліне аударылатын оқулық атауын ұсына алады. Егер аударуға ұсынар оқулығыңыз болса, онда 100kitap.kz сайтындағы кері байланыс арқылы немесе Ұлттық аударма бюросының Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасына хат жазыңыз. Ол ұсыныс жұмыс тобының қарауына жіберіледі. Олар оқулықтың талаптарға сәйкестігін тексереді. Оқулық таңдаумен қатар кітап атауларын аударуда да көпшіліктің пікіріне құлақ асамыз. Мысалы, Эллиот Аронсонның «The Social animal» кітабының атауын қазақшаға бірден аудара салу мүмкін болмады. Кітапқа жауапты адамдар арнайы бас қосып, ұзақ талқылады. Кітап мазмұнына «әлеуметтік» дегеннен гөрі, «қоғамдық» сөзі дәлірек келеді деген ойлар болды. Алайда қазақ тілінде «жануар» сөзін саналы адамға қатысты қолдану тым ауыр. Әлеуметтік желіде талқыға салдық. Көп нұсқа ішінен «Көпке ұмтылған жалғыз» атауын таңдадық. Ол кітап мазмұнын дәл береді, табиғатын ашады. Мұндай мысалдарды басқа оқулықтарға қатысты да көптеп келтіруге болады.



> ☑ ***«Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.***
>
> ***Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек».***
>
> *(Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)*

Сұхбаттасқан
Салтанат ШЫРЫНХАН

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
11

Бүгінгі таңда халықтың өмір сүру жасын ұлғайту – мемлекет үшін маңызды мәселе. Осы орайда Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2020 жылға дейін Қазақстан халқының 30 пайызының бұқаралық спортпен шұғылдануына басымдық беруді тапсырды. Соңғы уақытта елімізде спорт саласының дамуына елеулі назар аударылып, бұқаралық спорттың дамуына нақты қадамдар жасалуда. Еліміздегі спорт саласының дамуы мен болашағы туралы білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры, Құрметті спорт қайраткері Садық Мұстафаев мырзамен әңгімелескен едік.

Садық МҰСТАФАЕВ:

МҰНДА СПОРТ ШЕБЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАЙДЫ

Jas qazaq: Садық мырза, әңгімемізді Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының қызметінен бастайықшы.

Садық Мұстафаев: Еліміздің білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының басты мақсаты – спортты насихаттап, дені сау ұрпақ тәрбиелеу, саламатты өмір салтын қалыптастырып, дене шынықтыру арқылы денсаулықты нығайту. Өйткені салауатты өмір салты – денсаулықтың кепілі. Сондықтан орталықтың басты ұстанымы – әрбір жасты отансүйгіштікке баулу, әлемдік универсиада мен олимпиаданың болашақ жеңімпаздарын тәрбиелеу. Орталықтың негізгі қызметтеріне тоқталсам, біріншіден, бұл – балалар мен жастардың дене тәрбиесін ғылыми және оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге, мақсатты кешенді бағдарламар әзірлеуге қатысу. Екіншіден, спорт түрлері бойынша спорттық ізбасарларды даярлауға және жасөспірімдер мен студенттердің құрама командаларын жасақтау, республика құрама командаларының мүшелеріне педагогикалық, психологиялық және дәрігерлік-биологиялық көмек көрсету. Үшіншіден, дене тәрбиесі жөніндегі педагог кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыру. Орталық қызметінің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі жасөспірімдер, оқушылар және студент жастар арасында дене тәрбиесі мен спорт саласында ғылыми және практикалық қызметті жүзеге асыру болып табылады. Орталық қойылған мақсатты іске асыру үшін бірнеше қызмет түрлерін жүзеге асырады. Олар: балалар мен жастардың дене тәрбиесі саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулер бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, ғылыми және оқу-әдістемелік құралдарын қамтамасыз етуді әзірлеуді және енгізуді ұйымдастыру. Сондай-ақ мектеп оқушылары мен студент жастар арасында республикалық жазғы, қысқы спартакиадалар, универсиадалар, турнирлер мен жарыстар өткізу.

Jas qazaq: Орталық тарапынан қандай спорт шаралары ұйымдастырылады?

Садық Мұстафаев: Орталық мектеп оқушылары және жоғары оқу орындары студенттері арасында жарыстар мен республикалық бұқаралық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізеді.

Биыл жоғары оқу орындары арасында қысқы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының қысқы VII Универсиадасында спорттың 10 түрінен жарыс өтіп, оған еліміздегі 40 жоғары оқу орындарынан команда қатысты. Бұрын-соңды болмаған көрсеткіштер тіркелді.

Ал мектеп және колледж оқушылары арасында жазғы IX Спартакиада жарыстарында спорттың 47 түрінен 54 жарыс өткізілді. Жарыс өте жоғары деңгейде өтіп, жарысқа қатысушылардың саны артты. Сонымен қатар жыл сайын мектеп оқушылары мен студенттер арасында жазғы және қысқы спорт түрінен 40-45 турнир мен жарыстар өткізілді.

Садық Мұстафаев: Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының 2017-2025 жылға арналған стратегиялық жоспары арнайы бағдарлама бойынша жүзеге асырылады. Жоспарға сай, республикалық деңгейде өткізілетін қыстық, жаздық спартакиада жарыстары, универсиада, турнирлер мен жарыстардың мерзімі алдын ала белгіленеді.

2025 жылға дейін бұқаралық спортты дамытуға келсек, мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық жарыстар өткізіледі. Міне, осы жарыстардың жеңімпаздары ақтық республикалық жарыспен жалғасады.

Республика бойынша осы жоғарыда аталған спартакиада, универсиада турнирлері мен жарыстарына жыл сайын 250 мыңға жуық оқушы мен студент қатысады. Сонымен қатар, орталық қызметкерлерінің орындауында жыл сайын білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша оқу-әдістемелік құралдар, ұсыныстар шығарылады.

Жоғары және арнайы техникалық кәсіби білім беру оқу орындарындағы дене шынықтыру пәні оқытушылары арасында біліктілікті арттыруға арналған курстарды өткізу жоспарланған.

Jas qazaq: Сіздіңше, елімізді әлемге танытатын спорттың қай түрлеріне басымдық берілген жөн?

Садық Мұстафаев: Елімізді әлемге танытатын спорттың түрлері деп ең алдымен, ауыр атлетика, грек-рим күресі, дзюдо, бокс және қазақ күресін атар едім. Себебі еліміздегі осы спорт түрлеріне студенттер және оқушылар арасында қызығушылық танытатындар көп. Дегенмен қазіргі таңда жастар спорттың барлық түрінен танылуда. Сол үшін дәл осы спорт түрлерін бастап 5-11-сынып оқушылары арасында спорттың 5 түрінен: Ұлттық мектеп лигасы аясында футзалдан «Теңбіл доп», футболдан «Былғары доп», волейболдан «Шұбар доп», баскетболдан «Алтын доп» жарыстары өткізілуде. Жарыстар бірнеше топтар арасында, яғни жас ерекшелігіне сай өткізіледі.

Ұлттық мектеп лигасының негізгі мақсаты – мектеп оқушылары арасында бұқаралық спортты дамыту, оқушылармен бірге мектептегі, аудандық, қалалық, облыстық және республикалық іс-шараларға қатысып оны өткізу болып табылады. Лиганың негізгі міндеттері – командалық спортты дамыту және оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық ойындар түрлері бойынша ерекшелеуден аулақпын. Өйткені елімізде қысқы спортқа, жазғы спортқа қатысушылар қатары көбейіп, күннен-күнге салауатты өмір салтын ұстанатындар саны артты. Бұл елімізде спорттың барлық түрін дамытуға қолайлы жағдай жасалғанын білдіреді. Жоғарыда атап өткендей, орталық мектеп оқушылары арасында өтетін республикалық спорт сайыстарын жиі өткізеді. Мұның өзі болашақ спорт шеберлерін жастайынан дайындаудың бір тетігі. Сондықтан да орталықтың негізгі қағидасы – бұқаралық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізуді күнтізбелік жоспарға сай іске асыру. Соңғы жылдары спортшыларымыз талай додада топ жарып, елімізге талай тарту жасады. 20 жыл көлемінде біз біршама белестерді бағындырдық. Бұған дейін шетелге түрлі додаларға барғанда, бізден «қайдан келдің» деп сұрап жататын. Қазіргі таңда қай мемлекетке барсаң да, еліміз, Елбасымыз туралы біледі.

Jas qazaq: Қазіргі таңда жасөспірімдер мен жастарды спортқа баулуға орталық тарапынан қандай жағдайлар жасалуда?

Садық Мұстафаев: Қазіргі таңда республикамыздағы мектеп оқушылары мен жастарды спортқа баулу мәселесі бойынша Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы тарапынан көптеген іс-шаралар өткізілуде. Соның айғағы ретінде 2018 жылдан білім беру мекемелеріндегі үздік оқушылардан мектеп лигасының құрамына спорт түрлері бойынша ізбасарлар дайындау, команданың құрамына анықтау. Мысалы, биылғы жылдың қорытындысы бойынша осы аталған жарыстарға республика бойынша бірінші кезеңге 1 342 132 оқушы қатысты. Екінші кезеңдегі аудандық жарыстарға 541 590 оқушы атсалысты. Үшінші кезеңдегі облыстық жарыстарға 30 225 оқушы келді. Соңғы төртінші кезеңдегі республикалық жарыстарға 133 команда сапында 1 859 оқушы сынға түсті.

Осы аталған іс-шаралардан басқа да жалпы білім беретін мекемелерде 2017-2018 оқу жылынан бастап республика бойынша *(Астана, Алматы қалалары мен Жамбыл, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарынан)* 214 орта мектепте жүргізілген 130 471 оқушының қатысуымен дене тәрбиесі сабағының әр үшінші сағаты «Футбол сабағына» арналады. Сабақ Қазақстан футбол федерациясының мамандары мен олардың арнайы футбол сабағына әдістемелік құралы негізінде өткізіледі. 2018-2019 оқу жылында осы аталған жоба бойынша еліміздің барлық өңіріндегі 1000 мектепте 1-11-сыныптар арасында «Футбол сабағы» өтетін болды.

Сұхбаттасқан Мақпал НОҒАЙБАЕВА

> ***«Стратегиялық маңызды міндеттер – елдің барлық өңірінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін жоспарлы дамыту, спорт түрлерінен спорт федерацияларымен ынтымақтасып, спорт секциялары мен спорт саласында қосымша білім беру жүйесінің дамуын ынталандыру».***
>
> *(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)*

Jas qazaq: Ал енді «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының» жүзеге асырылуы қалай?

ТАТАМИДЕГІ ЖЕҢІС

Әзірбайжан астанасы Баку қаласында өткен дзюдодан әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Біріншілікке 124 елден 756 спортшы қатысты. Осының өзі татамидегі әрбір текетірестің аса тартысты өткенін көрсетсе керек. Мамандар мұндай ғаламдық додада еліміздің атынан тұңғыш рет сынға түскен Ерлан Серікжановтың жетістігін бір ауыздан жоғары бағалады.

66 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жерлесіміз алғашқы жекпе-жегін Мозамбик спортшысы Артур Карлос Жуниорға қарсы өткізіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Ерлан содан кейін Израиль спортшысы Барух Шмаилов пен молдован Вадим Бунескуды тізе бүктірді. Финалға жақындағанда азулы қарсыластары – өткен жылғы әлем біріншілігінің қола жүлдегері израильдік Таль Фликкер мен мәртебелі Masters – 2017 турнирінің жеңімпазы моңғол Херлен Гамболд та қазақ спортшысының қарқынына төтеп бере алмады. Байрақты бәсекенің финалдық кездесуінде Ерлан былтырғы әлем чемпионатында жеңістің ең биік тұғырына көтерілген аса тәжірибелі жапон спортшысы Хифуми Абемен күш сынасты. Жерлесіміз атағы жер жарған қарсыластың алдында қобалжыған жоқ. Дзюдо техникасын шебер меңгергенін паш етті. Дегенмен, тәжірибенің аты тәжірибе. Хифуми оңтайлы сәтте ұпай олжалап, айласын асырып кетті. Сөйтіп, Е.Серікжановқа күміс медаль бұйырды. Айтулы сайыста алғаш рет бақ сынаған жерлесіміз үшін бұл ерен жетістік екені белгілі.

Ал қыздар арасында Қазақстан құрамасының мүшесі Отгонцецег Галбадрах қол медаль еншіледі. Ол финалға барар жолда осы чемпионаттың жеңімпазы атанған Украинаның жас спортшысы Дарья Белодедке есе жіберді. Галбадрах үшінші орын үшін таласта моңғол қызы Уранцецег Мунхбатты тізе бүктірді.

Талап ТІЛЕГЕН

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

АУДАРМА

Қайырымды қолқанат

Шотланд жазушысы Арчибальд Жозеф Кронин (1896-1981) кедей отбасында дүниеге келген. Біраз уақыт дәрігер боп қызмет етті. 1930 жылы қатты сырқаттанып, жұмысын тастауға мәжбүр болады. Сол кезде жаза бастайды. Ол – новелла мен шағын әңгіме жазудың ұстасы. Шығармасында капитализм дүниесіндегі өмір үшін күресті шынайы суреттейді. Төменде қаламгердің бала тақырыбына арналған әңгімесін ұсынып отырмыз. Әдеби туынды түпнұсқада «Two Gentlemen of Verona» деген атпен жарық көрген. А.Кронин өз әңгімесіне Уильям Шекспирдің пьесасының атауын алған.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Келесі күні досым екеуміз көлікпен Веронаға қарай аттандық. Бұл өзі Италиядағы көркі көз тартатын ескі қала. Шаһарға таяп қалғанда жол шетінде екі бала жолықты. Олар бүлдірген сатып тұр екен.

– Бұлардан алмаңыз, – деді жүргізушіміз. – Веронада бұдан да тәттірек бүлдіргенді табасыз. Бұл балалар...

Сөзінің аяғын жұтып қойғанына қарағанда, мына жүгермектерді ұнатпай тұр.

Жеткіншектердің киімі жұпыны. Көптен жуылмағаны көрініп тұр. Жүздері жүдеу, шашы өсіп кеткен. Бірақ... қап-қара көзінде еріксіз баурап алар сыр жатқандай. Бұлармен жақынырақ танысқымыз келді.

Досым әлгілермен тілдесті. Екеуі ағайынды екен. Үлкені Николаның жасы он үште. Інісі Жакопо он екіде. Біз солардың бүлдіргенін сатып алдық та, жолымызды жалғастырдық.

Таңертең өзіміз тоқтаған қонақ үйден шығып келе жатқанда әлгі балаларды тағы көрдік. Алаңда өткен-кеткеннің аяқ киімін тазалап жатыр екен. Жұмысқа кірісіп кеткен. Жан-жағына қарауға шамасы жоқ. Дегенмен, бізбен танысын көргендей, «хеллоу» деп амандасты.

– Бүлдіргенді сатып болдыңдар-ау, шамасы, – дедім. Бұған Никола:

– Біздің қолымыздан көп нәрсе келеді, – деп жауап берді. Сөйтті де сұраулы кейіппен көз тастап:

– Кей кездері қонақтарға қаланы аралатып, көрікті жерлерді көрсетеміз, – деді. Мен «Тамаша! Ендеше, біз саған ердік. Қане баста!» деп келісе кеттім.

Қаланы аралап келеміз. Айтқандарын тыңдай жүріп, балалардан көз алмаймын. Әлі бұғанасы қатпаған бозөкпелер. Соған қарамастан сөзінен, қимылынан ересек адамдай көргендей боласың. Жұмысына тастай екен.

Бір күні қараңғыда балаларды тағы сол алаңда кездестірдім. Никола ағашқа арқасын сүйеп, жерде отыр. Ал Жакопо шөптің үстінде ұйықтап жатыр. Бұл түннің бір уағы еді.

– Бұларың не, үйге барып, төсекте ұйықтамай, – деп сұрадым. Никола әдеттегі байсалды қалпын бұзбай жолға қарады да:

– Біз соңғы автобусты күтіп тұрмыз. Автобус келгенше газетімізді сатып үлгеруіміз қажет, – деді.

– Сендер ылғи осылай жұмыс істейсіңдер ме?

– Иә, мырза, дәл солай.

Мен түнделетіп көп сұрақ қоюды жөн көрмедім. «Қайырлы түн!» дедім де, аяңдап қонақ үйге қарай бет алдым.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Келесі күні таңертең Никола келіп, менің аяқ киімімді тазалап жатқанда, түнде көкейіме келген сауалды қойдым.

– Жакопо екеуің бас алмай жұмыс істейсіңдер. Бірақ дұрыстап киінбейсіңдер, жарытып тамақ ішпейсіңдер. Сендер осы тапқан ақшаны қайда жұмсайсыңдар?

Бұл сұраққа жауап қатпады. Көзімен алаңда жүрген адамдарды шолып тұр. Тек бір кезде барып:

– Ойлап жүрген бір жоспарымыз бар, – деді.

– Жарайды, – дедім. – Біз дүйсенбі күні Веронадан кетеміз. Қандай да бір көмек керек болса, айт, қысылма.

Никола «жоқ» деп аузын аша беріп еді, інісі оны ишарамен тоқтатты да:

– Біз әр жексенбіде Веронаға жақын жердегі елді мекенге барамыз. Әдетте, ол жаққа автобуспен жетуші едік. Ертең бізді көлігіңізбен ала кетесіз бе? – деді. Шопырым жексенбі күні жұмыс істемейді. Әйтсе де, балалардың көңілін қимай, келістім.

Таңсәріде Веронадан аттанып кеттік. Балалар жол бойындағы кішкентай ескі үйлердің біріне бара жатқан шығар деп ойладым. Алайда бір еңселі ғимараттың қасына тақағанда Жакопо алға ұмсынып:

– Мырза, дәл осы жерде тоқтаңызшы. Ары кетсе, бір сағат боламыз. Осы маңда шағын кафе бар. Бізді сол жерде күтіңіз, – деді.

Сөйтті де, екеуі биік үйге кіріп кетті. Шамалы күттім де, үйге жақындап қоңырау түймесін бастым. Есікті бір әйел ашты. Киіміне қарағанда, медбике сияқты.

– Кешіріңіз, жаңа ғана екі кішкентай баланы осында әкеліп едім.

– Ә, иә, иә, – деді ол жымиып. – Никола мен Жакопо ғой. Ішке кіріңіз.

Қатар-қатар тізілген бөлмелердің қасынан өтіп келеміз. Сол кезде барып бұл жердің аурухана екенін білдім. Бір кезде есігі ашық бөлмеге жақындадық.

Екі бала осында екен. Төсекте отырған жас шамасы жиырмадағы қыздың жанында отыр. Қыздың үстінде әдемі жібек көйлек. Бір көргеннен мына екеуі оның бауыры екенін аңғару қиын емес.

Қыз оларға аса бір мейіріммен қарайды. Төсекке таяу тұрған үстелде гүл шоғын, жеміс-жидек салынған ыдыс пен бірнеше кітапты көзім шалды.

Біз қайтуға бет алғанда медбике менің кішкентай достарым туралы әңгімелеп берді. «Никола мен Жакопоның әпкесі Люсиядан басқа туған-туысқаны жоқ. Бұлардың шешесі ерте көз жұмған. Әкесі әйгілі опера әншісі еді. Соғыс басталып, Веронаны бомбалаған кезде қаза тапты. Содан бері екі бала әпкесімен бірге көшеде жүр. Өйткені, олардың үйіне бомба түскен. Жау қаланы басып алғанда балалар Веронаны азат ету үшін күрескен әскердің қолбасшысына шұғыл мағлұмат жеткізіп тұрды. Сол кезде тауда жүретін. Ал әпкесі қалада болды. Соғыс аяқталғанда балалар Веронаға қайтып келіп, әпкесін тауып алды. Қыз қатты ауырды. Оны осында жеткізген де сол бауырлары. «Енді қашан әкетеміз» деп сұрап қояды. Қазір науқастың беті бері қарады. Ол да әкесі сияқты, дауысы жақсы. Балалар аптасына бір рет келіп, бізге төлеп тұрады. Олардың қандай жұмыс істейтінін де білмеймін. Әйтеуір, бауырмал, еңбекқор екеніне күмәнім жоқ» деді.

Мен медбикеге алғысымды білдіріп, көшеге шықтым. Бір кезде балалар да көрінді. Оларды қалаға алып қайттым. Екеуі қасыма отырды. Баяғы байсалды қалпы. Веронаның нағыз қайырымды жігіттері.

Ағылшын тілінен аударған
Срайыл СМАЙЫЛ

«Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын» демекші, Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка мектебінің 7-сынып оқушысы Нұрәлі Бейсеқожа – он саусағынан бал тамған музыкант. Талантты бала 4 жасынан бастап фортепианода ойнауды өздігінен үйренген. Алты жасынан бастап алғашқы шығармаларын жаза бастапты.

Талабы таудай жас талант

Жас дарын халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы. Соның ішінде республикалық «Гамманы шебер орындау», «Пьесаны шебер орындау» байқауларында бірінші орын алған. Music Star байқауының жеңімпазы. 2015 жылы еліміздегі композиторлар одағының басшысы Балнұр Қыдырбекқызының марапаттауымен «Қазақстанның ең жас композиторы» атағын иеленген.

Нұрәлі – ағайынды музыканттар Нұрсәт пен Ғаламат Бейсеқожаевтардың інісі. Біз еліміздегі ең жас композитор, дарынды музыкантпен дидарласып, оның шығармашылығы мен алдағы жоспары туралы әңгіме өрбіткен едік.

Jas qazaq: Нұрәлі, музыкаға неше жасыңнан бастап әуестене бастадың? Алғаш рет музыкалық аспаптың қай түріне қызықтың?

Нұрәлі Бейсеқожа: Біздің үйде фортепиано аспабы болды. 4 жасымнан бастап сол аспапты өздігімнен үйрене бастадым. Бір күні ата-анама фортепианода ойнап бердім. Үйдегілер менің аспапты өзім үйреніп алғанымға қатты таң қалды. Музыкаға икемімді байқаған ата-анам ойланбастан Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебіне берді. Қазір жасым 12-де, аталған оқу ордасының 7-сыныбында оқимын.

Jas qazaq: Шығармаларыңды жазуға алғаш не әсер етті?

Нұрәлі Бейсеқожа: Әр кезде әрқалай. Барлығы көңіл-күйіме байланысты. Бөлмемде жалғыз қалып музыка жазып жатқанымды отбасым түсіне қойып, жалғыз қалдырады. Дайын болған шығармамның алғашқы тыңдармандары да ата-анам.

Нұрәлі мен Ғаламат Бейсеқожаевтар

Қалай шыққанын, ұнаған-ұнамағанын сұраймын. Жақындарыма, туыстарыма арнап шығаратыным да бар. Айналамдағылар өнеріме жақсы көзқараспен, тіпті таңырқай қарайды. Фортепианода ойнаған кезімде құлағыма әуендер келе бастайды. Сол әуендерді нотаға түсіре бастаймын. Қазіргі таңда қоржынымда 30-ға жуық шығарма бар. Олардың арасында «Анашым», «Балалық шақ», «Қазақ вальсі», «Аққан жұлдыз» *(Денис Тенге арналған)*, «Сыйлайық өмір сәбиге» атты шығармалар бар.

Сіздерге Денис Тенге арналған «Аққан жұлдыз» шығармамды қалай жазғанымды әңгімелеп берейін. Кешкі уақыт болуы керек. Жаңалықтардан Денис Тен қайтыс болды деген суыт хабарды естіп, отбасымызбен қайғырдық. Бөлмеме барып жүрегіммен сезінген қайғыны нотаға түсіре бастадым. Осылайша жастай өмірден озған спортшыға арналған шығармам дүниеге келді. Ол көбіне классикалық әуендерге сырғанайтын. Сондықтан вальс шығардым. Пианинода ойнап отырғанымда ол осы әуенге сырғанап жатқандай сезінемін. «Аққан жұлдыз» арқылы бәріміз жақсы көретін спортшының қысқа да жарқын ғұмырын көрсеткім келді.

Кейде менің музыка жазуыма жыл мезгілдері де шабыт береді. Осылайша «Жыл мезгілдері» атты жинаққа 4 мезгілге арнап шығарма жазуды қолға алдым. Қазір «Күз», «Қыс» атты шығармам бар, алдағы уақытта көктем мен жазға арнап музыка жазуды жоспарлап отырмын.

Jas qazaq: Өзің қандай ұлы композиторларды үлгі тұтасың? Болашақта кім болғың келеді?

Нұрәлі Бейсеқожа: Маған әлемнің ұлы композиторлары Вивальди, Шопен, Моцарт, Бахтың шығармашылығы қатты ұнайды. Классикалық шығармаларды орындағанды жақсы көремін. Табиғатым лирикалық музыкаға жақын. Қазір мен музыка мектебінде білім алып жатырмын. Тәжірибелі ұстаздарымнан үйренерім көп. Болашақта композитор болғым келеді.

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА
Суретті түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*

Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК – Астана қаласы
(8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН – Алматы облысы
(8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2132;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.